SAMSUNG

Пайдаланушы нұсқаулығы

S24AM50* S27AM50* S32AM50* S32AM70* S43AM70*

Түсі мен көрінісі өнімге байланысты өзгеруі мүмкін және өнімділікті жақсарту үшін техникалық сипаттарын ескертусіз өзгертуге болады.
Сапасын жақсарту мақсатында бұл нұсқаулықтың мазмұны ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
Келесі жағдайларда әкімшілік төлемақы алынуы мүмкін:

(а) Техникті үйге шақырсаңыз, бірақ құрылғыдан ешбір ақау табылмаса, (яғни, пайдаланушы нұсқаулығын оқымасаңыз).

(ә) Құрылғыны жөндеу орталығына апарсаңыз, бірақ құрылғыдан ешбір ақау табылмаса, (яғни, пайдаланушы нұсқаулығын оқымасаңыз).

Техник маман үйіңізге келер алдында сіз төлейтін төлемақы мөлшерін хабарлайды.
© Samsung
Бұл нұсқаулыққа қатысты авторлық құқықтар Samsung компаниясына тиесілі.
Осы нұсқаулықты Samsung компаниясының рұқсатынсыз бөлшектей немесе толығымен пайдалануға немесе көшіруге болмайды.
Samsung компаниясының иелігінде емес сауда белгілері өздерінің тиісті иелеріне жатады.

Мазмұны

Құрылғыны пайдаланудан бұрын

Қауіпсіздік шаралары

6 Электр бөлшектері және қауіпсіздік

7 Орнату

8 Пайдалану

Тазалау

Құрылғыны пайдалану үшін дене күйіңізді дұрыстаңыз

Дайындықтар

Орнату

12 Тұғырды тағу

15 Өнімді жылжыту бойынша сақтық шаралары

16 Өнім айналасындағы кеңістікті тексеру

17 Өнімнің еңісін реттеу

18 Ұрлыққа қарсы құлпы

19 Қабырғаға бекіту жинағының сипаттамалары (VESA)

Басқару тақтасы

Қосылымдар

Порттар

Қосылған кабельдерді байлау

Connection Guide

Интернетке қосылу

28 Интернетке қосылу күйін тексеру

28 Интернетке сымсыз қосылу

29 Желіні қалпына келтіру

29 Өнімді мобильді құрылғымен қосу

29 Өнімнің атауын өзгерту

Мобильді құрылғы арқылы Screen Sharing (Smart View)

30 Tap View функциясын пайдалану

30 Tap View функциясын қосу

Өнімге қосылған сыртқы құрылғылар арасында ауысу

31 Сыртқы құрылғының атауы мен белгішесін өзгерту

32 Auto Source Switch+ опциясын қосу

32 Қосымша функцияларды пайдалану

Жалғау бойынша ескертпелер

33 HDMI қосылымына қатысты ескерту

34 USB Type-C кабеліне арналған қосылым ескертпелері

34 Компьютерлерді қосуға қатысты ескерту

34 Ұялы құралдарды қосуға қатысты ескерту

Қашықтан басқару және сыртқы құрылғылар

Samsung Smart Remote құрылғысы туралы

39 Samsung Smart Remote құрылғысын өнімге жалғау

Anynet+ (HDMI-CEC) функциясын пайдалану

40 Сыртқы құрылғыны Anynet+ арқылы қосу және оның мәзірін пайдалану

40 Anynet+ (HDMI-CEC) құрылғысын жалғау алдында оқып шығыңыз

Өнімді пернетақтамен, тінтуірмен немесе джойстикпен басқару

41 USB пернетақтасын, тінтуірді немесе геймпадты қосу

41 Bluetooth пернетақтасын, тінтуірді немесе ойын құралын қосу

42 Пенетақтаны және тінтуірді жалғау

43 Кіріс құрылғыларын баптау

Экрандағы виртуалды пернетақтамен мәтін енгізу

Смарт функциялар

Smart Hub функциясын пайдалану

46 Басты экранды көрсету

51 Smart Hub функциясын автоматты түрде іске қосу

51 Соңғы пайдаланылған қолданбаны автоматты түрде қосу

51 Smart Hub қосылымдарын тексеру

51 Smart Hub функциясын қайта орнату

Samsung тіркелгісін пайдалану

52 Samsung тіркелгісіне кіру

52 Жаңа тіркелгі жасау

53 Samsung есептік жазбасын басқару

Remote Access функциясын пайдалану

54 Қашықтағы компьютерді қосу

57 Қашықтағы компьютерде мультимедиа мазмұнын ойнату

58 Screen Sharing (Wireless) функциясын пайдалану

58 Samsung DeX пайдалану

58 Office 365 жүйесін пайдалану

58 Бұлт қызметін қосу

59 Cloud Service функциясын пайдалану

Apps қызметін пайдалану

61 Қолданбаны орнату

61 Қолданбаны іске қосу

62 Орнатылған қолданбаларды басқару

Суреттерді/бейне/музыка ойнату

65 Медиа мазмұнын компьютерде немесе ұялы құрылғыда ойнату

65 USB құрылғысында сақталған мультимедиа мазмұнын ойнату

65 Мобильді құрылғының дыбысын динамик арқылы Sound Mirroring көмегімен тыңдау

66 Мультимедиялық мазмұнды ойнату кезінде қол жетімді түймелер және функциялар

69 Bixby функциясын пайдалану

Дыбыс және сурет

Сурет сапасын реттеу

74 Сурет режимін таңдау

74 Көзге күтім жасау

75 Жетілдірілген сурет параметрлерін конфигурациялау

Сыртқы құрылғылар үшін қарау ортасы параметрлерін орнату

76 Input Signal Plus пайдалану

76 HDMI қара деңгейін пайдалану

Суреттің өлшемі мен орнын өзгерту

77 Сурет өлшемі параметрін өзгерту

77 Экранға суретті толтыру

77 Суреттің орнын реттеу

Sound Mode және Expert Settings конфигурациялау

78 Дыбыс режимін таңдау

78 Кеңейтілген дыбыс параметрлерін теңшеу

Дыбысқа қолдау көрсету функцияларын пайдалану

80 Үндеткіштерді таңдау

80 Өнімге-ды Bluetooth құралдары арқылы тыңдау

81 Wi-Fi функциясын қолдайтын Samsung аудио құрылғысы арқылы өнімді тыңдау

Жүйе және Қолдау көрсету

Уақыт функциялары мен таймерлерді пайдалану

82 Сағатты күндізгі уақытқа ауыстыру және уақыт белдігін реттеу

83 Ағымдық уақытты өзгерту

83 Сағатты қолдан орнату

83 Ұйқы таймерін қолдану

83 Өшіру таймерін пайдаланып өнімді өшіру

83 Standby Mode Timer пайдалану

Auto Protection Time және қуат үнемдеу функцияларын пайдалану

84 Auto Protection Time параметрін орнату

84 Өнімнің энергия шығынын азайту

Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту

85 Интернет арқылы жаңарту

85 USB құрылғысы арқылы жаңарту

85 Өнімді автоматты түрде жаңарту

Көру және есту қабілеттері төмен адамдарға арналған аудио және бейне функциялар

86 Қолжетімділік функцияларын іске қосу

86 Accessibility Shortcuts функциясын іске қосу

86 Көзі нашар көретін адамдар үшін дауысты нұсқауды қосу

87 Дыбыс деңгейін, жылдамдықты, қадамды және Voice Guide функциясының өнімдегі фондық дыбыс деңгейін өзгерту

87 Өнім экраны өшірулі, бірақ дыбыс шығып тұр

87 Қара фондағы ақ мәтін (жоғары контраст)

87 Бейне сипаттамасы функциясы үшін дыбысты қосу

87 Экранға қара және ақ фонды орнату

87 Қаріпті үлкейту (көзі нашар көретін адамдар үшін)

88 Тақырыптарды көрсету

88 Тақырыпты бөлу

88 Тақырып тілін таңдау

88 Цифрлық тақырыпқа қатысты опцияларды орнату

89 Өнімге-ды Bluetooth құралдары арқылы тыңдау (есту қабілеті төмен адамдар үшін)

89 Қашықтан басқару түймелерінің қайталау параметрлерін конфигурациялау

90 Дауыстық атқарымдарды пайдалану

Басқа функцияларды пайдалану

91 Мәзір тілін өзгерту

91 Құпия сөзді орнату

91 Пайдалану және ретейл режимі

92 Сыртқы құрылғыларды басқару

92 AirPlay пайдалану

92 Өнімді зауыттық параметрлерге қалпына келтіру

Сақтық шаралары және Ескерімдер

Apps опциясын пайдаланбас бұрын оқып шығыңыз

Internet функциясын пайдаланбас бұрын оқып шығыңыз

95 Сымсыз интернет қосылымын орнату алдында оқыңыз

Фотосурет, бейне немесе саз файлдарын ойнату алдында оқыңыз.

96 Фотосурет, бейне немесе саз файлдарын пайдалануға шектеулер қою

97 Қолдау көрсетілетін субтитрлер

98 Қолдау көрсетілетін сурет пішімдері мен ажыратымдылықтары

98 Қолдау көрсетілетін саз пішімдері және кодектері

99 Қолдау көрсетілетін видео кодектері

Өнімді орнатқаннан кейін оқыңыз

101 Суреттің өлшемдері және кіріс сигналдары

102 Ұрлыққа қарсы құлыпты орнату

UHD кіріс сигналдары үшін қолданылатын ажыратымдылықтар

102 Input Signal Plus опциясы Off параметріне орнатылған болса

102 Input Signal Plus опциясы On параметріне орнатылған болса

Компьютерге қосылу алдында оқыңыз (қолдау көрсететін ажыратымдылықтар)

103 VESA DMT

105 VESA CVT

Видео сигналдарға арналған қолдау көрсетілетін ажыратымдылықтар

106 CTA-861

107 HDR10 нұсқасына қолдау көрсететін графикалық карталардың тізімі

Bluetooth құралдарын пайдалану алдында оқыңыз

108 Bluetooth құралын пайдалануға қатысты шектеулер

Бағдарламаны орнату

Easy Setting Box

109 Орнату шектеулері және ақаулары

109 Жүйе талаптары

Драйвер орнату

Ақаулықтарды жою

Суретке қатысты мәселелер

110 Суретті тексеру

Дыбыс және шуылға қатысты мәселелер

114 Дыбысты тексеру

Сыртқы құрылғыны қосуға қатысты мәселелер

Желіге қатысты мәселелер

Anynet+ (HDMI-CEC) мәселелері

Қашықтан басқару пультіне қатысты мәселелер

Қолданбалар

Медиа файлдары

Дауысты тану мәселелері

Басқа мәселелер

Өнімнің пайдалану мәселелерін диагностикалау

Қолдау алу

126 Remote Management қызметі арқылы қолдау алу

126 Қызмет көрсету үшін байланыс дерегін табу

Сұрақ және жауап

Техникалық сипаттамалары

Жалпы

Қосымша

Төлем қызметінің міндеттері (Тұтынушыларға арналған баға)

130 Өнім ақауы емес

130 Өнім зақымдануы тұтынушы қатесі нәтижесінде болса

131 Басқалар

Лицензиялар

Құрылғыны пайдаланудан бұрын

Қауіпсіздік шаралары

Ескерту

Егер нұсқаулар орындалмаса, бұл ауыр немесе өлімге әкелетін жарақатқа алып келуі мүмкін.

Назар аударыңыз

Егер нұсқаулар орындалмаса, бұл жарақат алуға немесе мүліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

<table>
<tr><td colspan="4">НАЗАР САЛЫҢЫЗ</td></tr>
<tr><td colspan="4">ЭЛЕКТР ТОҒЫ СОҒУ ҚАТЕРІ АШУҒА БОЛМАЙДЫ</td></tr>
<tr><td colspan="4">АБАЙЛАҢЫЗ: ТОК СОҒУ ҚАУПІН АЗАЙТУ ҮШІН ҚАҚПАҚТЫ (НЕМЕСЕ АРТҚЫ БӨЛІГІН) АЛМАҢЫЗ. ІШІНДЕ ПАЙДАЛАНУШЫ ТАРАПЫНАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛЕТІН БӨЛШЕКТЕР ЖОҚ. БАРЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖҰМЫСТАРЫН БІЛІКТІ МАМАНДАР ОРЫНДАУЫ ТИІС.</td></tr>
<tr><td> </td><td>Бұл белгіше құрылғының ішінде жоғары кернеу бар екенін көрсетеді. Осы өнімнің ішкі бөлшектеріне қол тигізу қауіпті.</td><td> </td><td>АТ кернеуі: Осы таңба арқылы белгіленетін атаулы кернеу – АТ кернеуі.</td></tr>
<tr><td> </td><td>Бұл белгі осы құрылғыны іске пайдалануға және күтіп ұстауға қатысты маңызды нұсқаулар кітапшасының жинаққа кіргенін көрсетеді.</td><td> </td><td>ТТ кернеуі: Осы таңба арқылы белгіленетін атаулы кернеу – ТТ кернеуі.</td></tr>
<tr><td> </td><td>II класс өнімі: Бұл таңба құрылғыны жерге тұйықтау (қосу) арқылы қауіпсіз қосылым жасаудың қажет емес екенін білдіреді. Егер мына белгі тоққа қосылатын сымы бар құрылғыңызда болмаса, құрылғыны МІНДЕТТІ ТҮРДЕ жерге қауіпсіз қосу (тұйықтау) керек.</td><td> </td><td>Назар аударыңыз. Пайдалану нұсқаулығын қараңыз: Бұл таңба қауіпсіздікке қатысты толық ақпаратты пайдаланушы нұсқаулығынан қарауды ұсынады.</td></tr>
</table>

Электр бөлшектері және қауіпсіздік

Ескерту

- Зақымдалған қуат кабелін немесе ашаны немесе бос розетканы пайдаланбаңыз.
- Бір розеткаға бірнеше құрылғыны қоспаңыз.
- Ашаны ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Қуат ашасын берік тұратындай етіп розеткаға толығымен тығыңыз.
- Ашаны жерге жалғанған розеткаға (тек 1-түрдегі изоляцияланған құрылғылар) қосыңыз.

- Қуат сымын қатты күш салып бүкпеңіз немесе тартпаңыз. Қуат кабелін ауыр заттың астында қалдырмаңыз.
- Қуат кабелін немесе құрылғыны жылу көздерінің қасына қоймаңыз.
- Ашаның ұшындағы немесе розеткадағы шаңды құрғақ шүберекпен тазалаңыз.

Назар аударыңыз

- Құрылғы пайдаланылып жатқан кезде қуат кабелін ажыратпаңыз.
- Құрылғымен бірге Samsung компаниясынан алынған қуат кабелін ғана пайдаланыңыз. Қуат кабелін басқа құрылғылармен пайдаланбаңыз.
- Қуат кабелі қосылған жердегі розетка қол жетімді болуы тиіс.
  - Ақау пайда болған кезде құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат кабелін ажырату керек.
- Қуат кабелін розеткадан ажыратқан кезде ашасынан ұстаңыз.

Орнату

Ескерту

- Құрылғының үстіне шырағдан, шыбын-шіркейді үркітетін құрал немесе темекі қоймаңыз. Құрылғыны жылу көздерінің жанына орнатпаңыз.
- Пластмасса қалтаны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
  - Балалар тұншығып қалуы мүмкін.
- Құрылғыны тұрақсыз немесе дірілдейтін бетке орнатпаңыз (берік емес сөре, көлбеу бет, т.б.)
  - Құрылғы құлап кетуі, зақымдалуы және/немесе адамды жарақаттауы мүмкін.
  - Құрылғыны қатты дірілдейтін жерде пайдалану құрылғының зақымдануына немесе өртке себеп болуы мүмкін.
- Құрылғыны көліктің ішіне немесе шаң, дымқыл (су тамшылары, т.б.), май немесе түтін болатын жерге орнатпаңыз.
- Құрылғыны тікелей күн сәулесіне, ыстыққа немесе пеш сияқты ыстық заттың қасына орнатпаңыз.
  - Құрылғының қызмет ету мерзімі азаюы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Құрылғыны балалардың қолы жететін жерге орнатпаңыз.
  - Құрылғы құлап кетіп, балаларды жарақаттауы мүмкін.
- Тағамдық майлар (соя майы сияқты) өнімді зақымдауы немесе пішінін өзгертуі мүмкін. Өнімді май ластануынан алшақ ұстаңыз. Сонымен қатар, өнімді ас үйге немесе ас үй пешінің жанында орнатпаңыз не пайдаланбаңыз.

Назар аударыңыз

- Құрылғыны жылжытқан кезде оны құлатып алмаңыз.
- Құрылғыны алдыңғы жағын төменге қаратып қоймаңыз.
- Құрылғыны шкафқа немесе сөреге орнатқанда, құрылғының алдыңғы жағының төменгі жиегі алға қарай шығып тұрмауы тиіс.
  - Құрылғы құлап кетуі, зақымдалуы және/немесе адамды жарақаттауы мүмкін.
  - Құрылғыны тек дұрыс өлшемді шкафқа немесе сөреге орнатыңыз.
- Өнімді ақырындап қойыңыз.
  - Құрылғының ақауына немесе адам жарақатына себеп болуы мүмкін.
- Құрылғыны әдеттен тыс жерге (көп мөлшерде майда бөлшектер, химиялық заттар немесе қалыптыдан тыс температуралы немесе ылғалды орындар немесе өнім ұзақ уақыт бойы үздіксіз жұмыс істеген орындарда) орнату оның қалыпты жұмыс істеуіне көп әсер етуі мүмкін.
  - Егер құрылғыны сондай жерге орнатқыңыз келсе, міндетті түрде Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығымен кеңесіңіз.
- Құрылғыны орнатудан бұрын, экран төмен қарап тұратындай етіп құрылғыны тегіс және тұрақты жерге қойыңыз.

Пайдалану

Ескерту

- Құрылғының ішінде жоғары кернеу болады. Ешқашан құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектемеңіз, жөндемеңіз немесе өзгертпеңіз.
  - Жөндеу үшін Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Өнімді жылжыту үшін, алдымен одан барлық кабельдерді, соның ішінде қуат кабелін ажыратыңыз.
- Егер құрылғыдан ерекше дыбыстар, күйік иісі немесе түтін шықса, қуат кабелін дереу ажыратып, Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Балалардың құрылғыға асылуына немесе оның үстіне шығуына жол бермеңіз.
  - Балалар зақымдануы немесе ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Егер құрылғы құлап түссе немесе оның сыртқы корпусы зақымдалса, қуат көзін өшіріңіз және қуат кабелін ажыратыңыз. Сонан соң Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
  - Пайдалануды жалғастырсаңыз, өрт шығуы немесе ток соғуы мүмкін.

- Құрылғының үстінде балаларға ұнайтын ауыр заттарды немесе бұйымдарды (ойыншықтар, тәтті заттар, т.б.) қалдырмаңыз.

  – Балалар ойыншықтарды немесе тәтті заттарды алуға талпынған кезде құрылғы немесе ауыр заттар құлап кетіп, балалар ауыр жарақат алуы мүмкін.

- Найзағай ойнаған кезде бұйымды қуат көзінен ажыратып, кабельді алып тастаңыз.

- Құрылғыға заттарды түсіріп алмаңыз немесе оған соққы тигізбеңіз.

- Құрылғыны қуат сымынан немесе кез келген кабелінен тартып жылжытпаңыз.

- Егер газдың шығып тұрғаны белгілі болса, құрылғыны немесе ашаны ұстамаңыз. Сондай-ақ, сол жерді дереу желдетіңіз.

- Құрылғыны қуат кабелінен немесе кез келген басқа кабелінен тартып көтермеңіз немесе жылжытпаңыз.

- Құрылғының жанында тез тұтанатын сұйықтықты немесе затты пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз.

- Желдеткіш тесіктерді дастарқанның немесе перденің жауып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

  – Ішкі температураның көтерілуінен өрт шығуы мүмкін.

- Металл заттарды (таяқшалар, монеталар, шаш түйреуіштер, т.б.) немесе оңай жанатын заттарды (қағаз, сіріңкелер, т.б.) құрылғыға салмаңыз (желдеткіш тесік немесе кіріс/шығыс порттары, т.б. арқылы).

  – Құрылғыға су немесе басқа бөгде заттар кіріп кеткен жағдайда міндетті түрде құрылғыны өшіріп, қуат кабелін ажыратыңыз. Сонан соң Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Ішінде сұйықтық бар ыдыстарды (вазалар, қыш құмыралар, бөтелкелер, т.б.) немесе металл заттарды құрылғының үстіне қоймаңыз.

  – Құрылғыға су немесе басқа бөгде заттар кіріп кеткен жағдайда міндетті түрде құрылғыны өшіріп, қуат кабелін ажыратыңыз. Сонан соң Samsung компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Назар аударыңыз

- Экран бетінде ұзақ уақыт бойы қалған жылжымайтын сурет қалдық бейненің экранда қалуына немесе ақаулы нүктелерге себеп болуы мүмкін.

  – Құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын кезде, экранды қуатты үнемдеу режиміне немесе жылжымалы суреті бар экран сақтағышқа орнатыңыз.

- Егер құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз (демалыс, т.б.), қуат кабелін розеткадан ажыратыңыз.

  – Шаң жиналса және қызып кеткенде өрт шығуы, ток соғуы немесе ток шығуы мүмкін.

- Құрылғы үшін ұсынылған ажыратымдылық пен жиілікті пайдаланыңыз.

  – Көру қабілетіңіз төмендеуі мүмкін.

- Мониторды аударып ұстамаңыз немесе тіреуішінен ұстап жылжытпаңыз.
  - Құрылғы құлап кетіп, зақымдалуы немесе жарақат алуға алып келуі мүмкін.
- Экранға ұзақ уақыт бойы тым жақын жерден қарасаңыз, көру қабілетіңіз төмендеуі мүмкін.
- Құрылғының жанында дымқылдауыштарды немесе пештерді пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны пайдаланған кезде көзіңізді 1 сағат сайын 5 минуттан астам демалдырыңыз немесе қашықтағы нысандарға қараңыз.
- Ұзақ уақыт бойы қосулы тұрған экранды қолмен ұстамаңыз, ол ыстық болуы мүмкін.
- Ұсақ керек-жарақтарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Құрылғының бұрышын немесе тіреуіштің биіктігін реттеген кезде абайлаңыз.
  - Қолыңыз немесе бармағыңыз қысылып қалып, жарақаттануы мүмкін.
  - Құрылғыны тым көп еңкейтсеңіз, ол құлап кетіп, жарақат алуға алып келуі мүмкін.
- Құрылғының үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.
  - Құрылғының ақауына немесе адам жарақатына себеп болуы мүмкін.

Тазалау

Егер қасында ультрадыбысты толқын дымқылдағыш пайдаланылса, қатты жылтырайтын үлгілердің бетінде ақ дақтар пайда болуы мүмкін.

Өнімнің ішкі жағын тазалағыңыз келсе, ең жақын Samsung тұтынушысы қызметінің орталығына хабарласыңыз (қызмет үшін төлемақы алынады.)

Өнім экранын қолмен немесе басқа заттармен баспаңыз. Экранды зақымдау қаупі бар.

Тазалаған кезде абайлаңыз, себебі жетілдірілген сұйық кристалдық дисплейлердің панелі мен сыртқы жағы оңай зақымдалады.

Тазалаған кезде келесі шараларды қолданыңыз.

1. Өнім мен ДК-ні қуат көзінен ажыратыңыз.
2. Өнімнен қуат кабелін ажыратыңыз.

Қуат кабелінің ашасынан ұстаңыз және кабельді ылғал қолмен ұстамаңыз. Әйтпесе, ток соғуы мүмкін.

3. Мониторды таза, жұмсақ және құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
   Жұмсақ шүберекті сулап алып, жақсылап сығыңыз да, онымен өнімнің сыртқы бетін тазалап сүртіңіз.
   - Өнімді құрамында спирт, еріткіш немесе сурфактант бар заттармен тазаламаңыз.
   - Құрылғыға суды немесе жуғыш затты тікелей шашпаңыз.
4. Тазалап болғаннан кейін, қуат кабелін мониторға қосыңыз.
5. Өнім мен ДК-ні қуат көзіне қосыңыз.

Құрылғыны пайдалану үшін дене күйіңізді дұрыстаңыз

Құрылғыны төмендегідей дұрыс қалыпта пайдаланыңыз:

- Арқаңызды жазыңыз.
- Көзіңіз бен экран арасында 45 - 50 см ара қашықтық сақтаңыз және экранға сәл жоғарыдан қараңыз.
- Көздеріңізбен экранның алдыңғы жағына тікелей қараңыз.
- Жарық экранға шағылыспайтын етіп бұрышты реттеңіз.
- Білегіңізді қолыңыздың жоғары жағымен перпендикуляр қойыңыз және қолыңыздың сырт жағын деңгейлестіріңіз.
- Шынтағыңызды оң жақ бұрышқа қойыңыз.
- Құрылғының биіктігін тізеңізді 90 немесе одан көп дәрежеде бүге алатындай, өкшеңіз еденге тиіп тұратындай және қолдарыңыз жүрегіңізден төмендеу болатындай етіп реттеңіз.
- Көз жаттығуларын орындаңыз немесе жиі жыпылықтатыңыз, сонда көзіңіз босаңсып дем алады.

Дайындықтар

Орнату

Тұғырды тағу

Құрылғыны орнатудан бұрын, экран төмен қарап тұратындай етіп құрылғыны тегіс және тұрақты жерге қойыңыз.

Бөлшектеу құрудың теріс әрекеті болып табылады.

S24AM50*





Тұғыр негізін суретте көрсетілген бағытта тұғыр мойнына салыңыз. Тұғыр қосқышы мықтап тағылғанын тексеріңіз.



Тұғырдың астыңғы жағындағы бекіту бұрандасын толығымен бекітілетіндей етіп бұраңыз.



Құрылғыны қорғау үшін үстелге жұмсақ шүберек қойып, шүберектің үстіне құрылғының алдыңғы жағы төмен қарайтындай етіп қойыңыз. Құрылған тұғырды негізгі бөлігіне суретте көрсетілген көрсеткі бағытымен басыңыз. Негізгі бөліктің астыңғы жағындағы бекіту бұрандасын толығымен бекітілетіндей етіп бұраңыз.



Тіректі құрастыру аяқталды.

S27AM50* / S32AM50* / S32AM70*



1



Тұғыр негізін суретте көрсетілген бағытта тұғыр мойнына салыңыз. Тұғыр қосқышы мықтап тағылғанын тексеріңіз.

2



Тұғырдың астыңғы жағындағы бекіту бұрандасын толығымен бекітілетіндей етіп бұраңыз. Жинау үшін үлкен бұранданы ортасына бекітіңіз.

3



Суретте көрсетілгендей, өнімді және пенопласт жастықшасын алып тастаңыз, одан кейін өнімді үстелдің алдыңғы жағын еденге қаратып қойыңыз.

4



Құрылған тұғырды негізгі бөлігіне суретте көрсетілген көрсеткі бағытымен басыңыз. Негізгі бөліктің астыңғы жағындағы бекіту бұрандасын толығымен бекітілетіндей етіп бұраңыз.

5



Тіректі құрастыру аяқталды.

S43AM70*





Суретте көрсетілгендей, өнімді және пенопласт жастықшасын алып тастаңыз, одан кейін өнімді үстелдің алдыңғы жағын еденге қаратып қойыңыз.



Тұғыр негізін суретте көрсетілген бағытта тұғыр мойнына салыңыз. Тұғыр қосқышы мықтап тағылғанын тексеріңіз.



Тұғырдың астыңғы жағындағы бекіту бұрандасын толығымен бекітілетіндей етіп бұраңыз.



Құрылған тұғырды негізгі бөлігіне суретте көрсетілген көрсеткі бағытымен басыңыз. Негізгі бөліктің астыңғы жағындағы бекіту бұрандасын толығымен бекітілетіндей етіп бұраңыз.



Мониторды суретте көрсетілгендей тұрғызыңыз.



Тіректі құрастыру аяқталды.

- Өнімді жылжытқан кезде, оны төменгі бұрыштары мен шеттерінен ұстаңыз.
- Экранға тікелей қысым қолданбаңыз.
- Өнімді жылжытқан кезде, экранынан ұстамаңыз.
- Құрылғыны тек тұғырынан ұстап тұрып төңкермеңіз.

Өнімді жылжыту бойынша сақтық шаралары

S24AM50*



- Өнімді жылжытқан кезде, оны төменгі бұрыштары мен шеттерінен ұстаңыз.



- Экранға тікелей қысым қолданбаңыз.
- Өнімді жылжытқан кезде, экранынан ұстамаңыз.



- Құрылғыны тек тұғырынан ұстап тұрып төңкермеңіз.



- Өнімді үстінен баспаңыз. Өнімді зақымдау қаупі бар.

S27AM50* / S32AM50* / S32AM70*



- Өнімді жылжытқан кезде, оны төменгі бұрыштары мен шеттерінен ұстаңыз.



- Экранға тікелей қысым қолданбаңыз.
- Өнімді жылжытқан кезде, экранынан ұстамаңыз.



- Құрылғыны тек тұғырынан ұстап тұрып төңкермеңіз.



- Өнімді үстінен баспаңыз. Өнімді зақымдау қаупі бар.

Өнім айналасындағы кеңістікті тексеру

Құрылғыны орналастыру кезінде ауа алмасуы үшін жеткілікті бос орын бар екендігіне көз жеткізіңіз. Ішкі температураның көтерілуі өрт туғызуы және өнімді зақымдауы мүмкін. Құрылғыны орнатпас бұрын, оның айналасында диаграммада көрсетілгендей жеткілікті бос орын қалдырыңыз.

Сыртқы көрінісі құрылғыға байланысты өзгеруі мүмкін.

S24AM50*



S27AM50* / S32AM50* / S32AM70*



S43AM70*



Өнімнің еңісін реттеу

Бөліктердің түсі мен кескіні көрсетілген суреттен өзгеше болуы мүмкін. Сапаны жақсарту үшін техникалық сипаттары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

S24AM50*

-4,0° (±2,0°) ~ 18,0° (±2,0°)



S27AM50* / S32AM50* / S32AM70*

-2,0° (±2,0°) ~ 22,0° (±2,0°)



S43AM70*

-2,0° (±2,0°) ~ 20,0° (±2,0°)



-2,0° (±1,0°) ~ 2,0° (±1,0°)



- Құрылғының еңісін реттеуге болады.
- Өнімнің төменгі жағын ұстап тұрып, еңісті абайлап реттеңіз.

Ұрлыққа қарсы құлпы

Ұрлыққа қарсы құлпы құрылғыны ортақ жерлерде қауіпсіз қолдануға мүмкіндік береді.

Құлыптау құрылғысының кескіні мен құлыптау әдісі өндірушіге байланысты болады. Қосымша мәліметтер үшін ұрлыққа қарсы құлыптау құрылғысымен берілген нұсқаулықтарды қараңыз.

S24AM50* / S27AM50* / S32AM50* / S32AM70* үлгісі ғана.

Ұрлыққа қарсы құлыптау құрылғысын құлыптау үшін:

S24AM50*



S27AM50* / S32AM50* / S32AM70*



1. Ұрлыққа қарсы құлыптау құрылғысының кабелін үстел сияқты ауыр затқа бекітіңіз.
2. Кабельдің бір шетін екінші жағындағы ілмекке қойыңыз.
3. Құлыптау құрылғысын құрылғының артқы жағындағы ұрлыққа қарсы құлып ұяшығына салыңыз.
4. Құлыптау құрылғысын құлыптаңыз.
   - Ұрлыққа қарсы құлыптау құрылғысын бөлек сатып алуға болады.
   - Қосымша мәліметтер үшін ұрлыққа қарсы құлыптау құрылғысымен берілген нұсқаулықтарды қараңыз.
   - Ұрлыққа қарсы құлыптау құрылғысын электрондық құрылғылар сататын жерден немесе интернеттен сатып алуға болады.

Қабырғаға бекіту жинағының сипаттамалары (VESA)

Қабырға бекіткішін еденге перпендикуляр болатын тұтас қабырғаға орнатыңыз. Қабырға бекіткішін құрғақ сылақ сияқты бетке бекітпестен бұрын қосымша ақпарат алу үшін жақында орналасқан дилерге хабарласыңыз. Егер мониторды көлбеу қабырғаға орнатсаңыз ол құлап, қатты дене жарақатына әкелуі мүмкін. Samsung қабырға бекіткіші жинақтарында толық орнату нұсқаулығы мен орнатуға қажетті барлық бөлшектер бар.

- VESA стандартының бұрандаға қатысты сипаттамаларына сәйкес келмейтін немесе стандартты ұзындықтан ұзын бұрандаларды пайдаланбаңыз. Өте ұзын бұрандалар монитордың ішіне зақым келтіруі мүмкін.
- VESA стандартының бұрандаға қатысты сипаттамаларына сәйкес келмейтін қабырға бекіткіштеріндегі бұрандалардың ұзындығы қабырға бекіткішінің техникалық сипаттамаларына байланысты әр түрлі болуы мүмкін.
- Бұрандаларды өте қатты тартпаңыз. Бұл мониторды зақымдауы немесе оның құлап кетіп сізге зиян келтіруі мүмкін. Samsung мұндай зақымдарға жауапты емес.
- Samsung корпорациясы мониторға немесе VESA не арнайы емес қабырға бекіткіштері пайдаланылған кезде немесе тұтынушы мониторды орнату нұсқаулықтарын орындамаған жағдайда болған зақымға жауапты емес.
- Бұйымды 15 градустан артық көлбеу орнатпаңыз.
- Қабырға бекіткіші жинақтарының стандартты өлшемдері төмендегі кестеде берілген.

Модель атауы	VESA бұранда тесігі сипаттамалары (A * B) миллиметрмен берілген	C	Стандартты бұранда	Саны
S24AM50*	100 x 100	7,8~9,8 мм	M4	4 дана
S27AM50* S32AM50* S32AM70*	100 x 100	7,0~10,0 мм	M4	4 дана
S43AM70*	200 x 200	11,0~13,0 мм	M8	4 дана



Қабырға бекіткіші жинағын монитор қосулы болғанда орнатпаңыз. Ток соғып зақымдауға әкелуі мүмкін.

Басқару тақтасы

Өнімді өнімнің төменгі жағындағы қуат түймесімен қосып, одан кейін басқару мәзірін пайдалануға болады. Өнім Қосылып тұрғанда қуат түймесі басылған кезде басқару мәзірі пайда болады.



A Басқару Мәзірі

- Power Off: Құрылғыны өшіреді.
- SOURCE: SOURCE өзгертеді.
- Volume Up / Volume Down: Volume параметрін реттеңіз.
- Channel Up / Channel Down: Channel өзгертеді.

  Таратуға және арнаға қатысты функциялар тек кейбір қолданбаларда немесе сыртқы құрылғыларда қолжетімді.

B Қуат индикаторы

- Өнім өшірілген кезде, жарық диодты шам жанады.
- Өнім күту режиміне өткен кезде, жарық диодты шам жыпылықтайды.

  Сигналсыз 60 секунд өткен кезде, өнім күту режиміне өтеді. Күту режимінде кез келген сигнал кіргенде немесе қашықтан басқару пультіндегі кез келген түйме басылған кезде, экран қайтадан қосылады.
- Бөліктердің түсі мен кескіні көрсетілген суреттен өзгеше болуы мүмкін.
- Егер SAMSUNG логотипіндегі немесе өнімнің төменгі жағындағы қорғаныс қабаты ажыратылмаған болса, экран күңгірттенуі мүмкін. Қорғайтын жапсырманы алыңыз.
- Samsung Smart Remote құрылғысындағы түймелерді (қуат түймесінен басқа) пайдаланған кезде, ресивердің жарық диодты шамы жыпылықтамайды.

C Қуат түймесі/Қашықтан басқару пульті

- Тез басу: басқа элементке жылжиды.
- Ұзақ басу: ағымдағы элементті таңдайды.

Қосылымдар

Түрлі ағытпалардың көмегімен сондай-ақ сыртқы құрылғыларды жалғауға болады.

Порттар

Өнім моделіне байланысты қол жетімді функциялар өзгеруі мүмкін. Бөліктердің түсі мен кескіні көрсетілген суреттен өзгеше болуы мүмкін. Сапаны жақсарту үшін техникалық сипаттары ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Нақты құрылғыға қараңыз.



Порт	Сипаттама
HDMI⇦1 (ARC) HDMI⇦2	Қайнар көз құрылғыға HDMI кабелі немесе HDMI-DVI кабелі арқылы қосылады.
⇦	USB құрылғысына қосыңыз.
DC 14V	AT/TT адаптеріне қосылады.

Сыртқы құрылғыға қосылу туралы қосымша ақпаратты > Source > Connection Guide бөлімінен қараңыз.



Порт	Сипаттама
HDMI⇦1 (ARC) HDMI⇦2	Қайнар көз құрылғыға HDMI кабелі немесе HDMI-DVI кабелі арқылы қосылады.
⇦	USB құрылғысына қосыңыз.
⇦ (SERVICE)	• USB құрылғысына қосыңыз. • Бағдарламалық құралды жаңарту үшін қолданылады. Бұл функция M7 сериялarында ғана қол жетімді.
⇦(65W)	• Бастапқы құрылғыға USB Type-C кабелі арқылы қосылады. USB кабелінің 3.1 Gen2 нұсқасымен үйлесімді. Төменгі нұсқадағы кабельдерге бейне енгізу функциясы қолдау көрсетілмейді (Displayport ALT). • USB Type-C портын ноутбукке немесе мобильді құрылғыға зарядтау үшін жалғауға болады. Бұл функция M7 сериялarында ғана қол жетімді.
⏻	Өнім үшін қуат сымын жалғаңыз.

Сыртқы құрылғыға қосылу туралы қосымша ақпаратты ⌂ > Source > Connection Guide бөлімінен қараңыз.

S43AM70*



Порт	Сипаттама
HDMI 1 HDMI 2 (ARC)	Қайнар көз құрылғыға HDMI кабелі немесе HDMI-DVI кабелі арқылы қосылады.
USB (SERVICE)	• USB құрылғысына қосыңыз. • Бағдарламалық құралды жаңарту үшін қолданылады. Бұл функция M7 сериялarында ғана қол жетімді.
USB	USB құрылғысына қосыңыз.
(65W)	• Бастапқы құрылғыға USB Type-C кабелі арқылы қосылады. USB кабелінің 3.1 Gen2 нұсқасымен үйлесімді. Төменгі нұсқадағы кабельдерге бейне енгізу функциясы қолдау көрсетілмейді (Displayport ALT). • USB Type-C портын ноутбукке немесе мобильді құрылғыға зарядтау үшін жалғауға болады. Бұл функция M7 сериялarында ғана қол жетімді.
	Өнім үшін қуат сымын жалғаңыз.

Сыртқы құрылғыға қосылу туралы қосымша ақпаратты > Source > Connection Guide бөлімінен қараңыз.

Қосылған кабельдерді байлау

S24AM50*

1



Дисплейді суретте көрсетілгендей еңкейтіңіз.

2



Сәйкес кабельдерді жалғаңыз.

3



Суретте көрсетілгендей, кабельдерді ұйымдастыру үшін екі кабельді де тұғырдағы кабель ұстағышқа (ҰСТАҒЫШ ТҰҒЫР КАБЕЛІ) орнатыңыз. Құрастыру аяқталды.

S27AM50* / S32AM50* / S32AM70*

1



Сәйкес кабельдерді жалғаңыз.

2



Тұғырдан алу үшін HOLDER-STAND CABLE оң жағын тартыңыз. Күшпен тартқан кезде кабельдің оң жағы зақымдалуы мүмкін.

3



Суретте көрсетілгендей, кабельдерді ұйымдастыру үшін екі кабельді де тұғырдағы кабель ұстағышқа (ҰСТАҒЫШ ТҰҒЫР КАБЕЛІ) орнатыңыз. Құрастыру аяқталды.

S43AM70*



Сәйкес кабельдерді жалғаңыз.



Тұғырдан алу үшін HOLDER-STAND CABLE оң жағын тартыңыз. Күшпен тартқан кезде кабельдің оң жағы зақымдалуы мүмкін.



Суретте көрсетілгендей, кабельдерді ұйымдастыру үшін екі кабельді де тұғырдағы кабель ұстағышқа (ҰСТАҒЫШ ТҰҒЫР КАБЕЛІ) орнатыңыз. Құрастыру аяқталды.

Connection Guide

Өнімге қосуға болатын сыртқы құрылғылар туралы толық ақпаратты қарап шығыңыз.

Home > Source > Connection Guide

Бұл бейне ойнатқыш, ойын құрылғылары және дербес компьютер сияқты әр түрлі сыртқы құрылғыларды сурет арқылы қосу жолдарын көрсетеді. Егер жалғау әдісін және сыртқы құрылғыны таңдасаңыз, жалғау туралы егжей-тегжейлі мәлімет көрсетіледі.

- Audio Device: HDMI (ARC), Bluetooth, Wi-Fi, Wi-Fi Speaker Surround Setup, HDMI Troubleshooting

  HDMI (ARC) кейбір үлгілерде қолданылады. Сатып алынған құрылғы үлгісінің HDMI ұяшығының атауын тексеріңіз.

- Video Device: HDMI, HDMI Troubleshooting
- Smartphone: Screen Sharing (Smart View), SmartThings, Apple AirPlay, Tap View, Samsung DeX
- PC: HDMI, USB-C, Screen Sharing (Wireless), Apple AirPlay, HDMI Troubleshooting
- Input Device: Remote control, Keyboard, Mouse, USB Gamepad, Bluetooth Device
- Game Console: HDMI, HDMI Troubleshooting
- External Storage: USB Flash Drive, Hard Disk Drive (HDD)

Қосу әдісі мен қол жетімді сыртқы құрылғылар модельге байланысты әр түрлі болады.

HDMI Troubleshooting пайдаланып, HDMI сымының және сыртқы құрылғылардың қосылымын тексере аласыз (шамамен 2 минутқа жуық уақыт қажет).

Интернетке қосылу

Өз өніміңіз арқылы Интернетке қол жеткізе аласыз.

Интернетке қосылу күйін тексеру

Settings > General > Network > Network Status

Ағымдағы желі мен интернет күйін қараңыз.

Интернетке сымсыз қосылу

Settings > General > Network > Open Network Settings

Қолжетімді желіге қосылу үшін, желі параметрлерін реттеңіз.

Қосылу әрекетін бастамай тұрып, өзіңізде сымсыз кіру протоколының SSID (атауы) және қауіпсіздік кілті параметрлерінің бар екенін тексеріңіз. Желінің атауы (SSID) мен қауіпсіздік кілтін сымсыз кіру протоколын конфигурациялау экранынан көруге болады. Қосымша ақпаратты сымсыз кіру протоколының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.



- Өнімдегі кескін модельге және орналасқан аймағына байланысты жоғарыда көрсетілген кескіннен өзгеше болуы мүмкін.
- Егер ешбір сымсыз кіру протоколы табылмаса, тізімнің соңындағы Add Network тармағын таңдаңыз да, желінің атауын (SSID) енгізіңіз.
- Егер сымсыз кіру нүктесінде WPS немесе PBC түймесі бар болса, тізімнің төменгі жағындағы Use WPS түймесін таңдап, содан кейін кіру нүктесінен 2 минут ішінде WPS немесе PBC түймесін басыңыз. Өнім автоматты түрде қосылады.
- Бұрыннан қосылып тұрған желі атауларын (SSIDs) қарау немесе жою үшін кезелімді Manage Saved Networks тармағына апарып, содан кейін Select түймесін басыңыз.

Желіні қалпына келтіру

Settings > General > Network > Reset Network

Желі параметрлерін зауыттық әдепкі мәндеріне қалпына келтіріңіз.

Өнімді мобильді құрылғымен қосу

Settings > General > Network > Expert Settings > Power On with Mobile

Өніммен бір желіге мобильді құрылғыны пайдалану арқылы өнімді қосуға болады.

Бұл функция SmartThings қосымшасы немесе Apple AirPlay функциясы арқылы өнімге қосылған мобильді құрылғыда қол жетімді.

Өнімнің атауын өзгерту

Settings > General > System Manager > Device Name

Өнімнің атауын желіде өзгертуге болады. Тізімнің соңынан User Input параметрін таңдап, атауды өзгертіңіз.

Мобильді құрылғы арқылы Screen Sharing (Smart View)

Ұялы құрылғының экранын Smart View немесе Tap View арқылы теледидар экранында қарай аласыз.

Мобильді құрылғының көмегімен экранды қалай ортақ пайдалану туралы ақпаратты > Source > Connection Guide > Smartphone > Screen Sharing (Smart View) тарауынан қараңыз.

- Screen Sharing (Smart View) функциясын өшіру үшін мобильді құрылғыны ажыратыңыз немесе қашықтан басқару пультіндегі түймесін басыңыз.
- Мобильді құрылғыда Smart View мәзірінің көмегімен кадр пішімі сияқты параметрлерді өзгертуге болады.
- Егер iPhone немесе iPad пайдаланушысы болсаңыз, AirPlay пайдаланыңыз. Қосымша ақпаратты "> Source > Connection Guide > Smartphone > Apple AirPlay" бөлімінен қараңыз.

Tap View функциясын пайдалану

Өнімдегі мобильді құрылғыны түрту арқылы мобильді құрылғының экранын өнім экраны арқылы көруге болады.

Бұл функция кейбір үлгілерде жоқ болуы мүмкін.

Бұл функция Android 8.1 не одан жоғары жүйесі бар Samsung мобильді құрылғыларында бар.

1. Мобильді құрылғыда Tap View бағдарламасын іске қосыңыз.

   Конфигурация туралы қосымша ақпаратты төмендегі орнату жолы бойынша «Tap View функциясын қосу» бөлімінен қараңыз.

2. Мобильді құрылғыдағы экранды іске қосыңыз.
3. Өнімге мобильді құрылғыны түртіңіз. Өнімнің экраны мобильді құрылғының экранына ауысады.
4. Өнім экранында мобильді құрылғының экранын қараңыз.

Бұл функция өнімді мобильді құрылғымен түрткен кезде пайда болатын дірілді анықтау арқылы шағылыстыруды (Smart View) іске қосады.

Өнім экранынан және жақтау бұрыштарынан алыс тұрып түртіңіз. Әйтпесе ол өнімнің немесе мобильді құрылғының экранын сызып тастауы немесе бұзуы мүмкін.

Біз мобильді құрылғыны қақпағы бар жерде қолдануды ұсынамыз және оны өнімнің кез келген сыртқы жиегіне аздап тигізіңіз.

Tap View функциясын қосу

SmartThings қолданбасында Tap View функциясын қосыңыз.

SmartThings қолданбасының нұсқасына қарай, өнімді мобильді құрылғымен бірге тіркеу қажет болуы мүмкін.

1. Мобильді құрылғыдағы SmartThings қолданбасын іске қосыңыз.
2. Мобильді құрылғыдағы SmartThings қолданбасында Параметрлер мәзірін (>) таңдаңыз.
3. Tap View функциясын қосыңыз.

   Бірінші рет қосылу кезінде өнімнің қалқымалы терезесінен Allow опциясын таңдаңыз.

Өнімге қосылған сыртқы құрылғылар арасында ауысу

Өнім бағдарламалары мен сыртқы құрылғылардың мазмұны арасында ауысуға болады.

> Source

Қосылған сыртқы құрылғыны Source экранында таңдағанда осы құрылғы экранындағы нәрсе өнімнің экранында көрсетіледі.

- Стандартты қашықтан басқару пультіндегі SOURCE түймесін басыңыз.
- USB құралы USB портына қосылғанда, құрылғыдағы медиа мазмұн тізіміне оңай ауысуға мүмкіндік беретін қалқыма хабар пайда болады.
- Құрылғыға немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Сыртқы құрылғының атауы мен белгішесін өзгерту

> Source

Жалғанған сыртқы құрылғының ұяшық атауын өзгертуге немесе оны Home Screen қатарына қосуға болады.



- Өнімдегі кескін модельге және орналасқан аймағына байланысты жоғарыда көрсетілген кескіннен өзгеше болуы мүмкін.

1. Кезелімді қосылған сыртқы құрылғыға жылжытыңыз.
2. Жоғары бағыттайтын меңзер түймені басыңыз. Мына функцияларға қолжетімді болады:
   - Қолжетімді функциялар порт түріне байланысты өзгешеленуі мүмкін.

1 Edit

Сигнал порттарының атауын өзгертуге және құрылғының белгішелерін өзгертуге болады.

2 Add to Home

Сыртқы құрылғыны жылдам ауыстырып-қосу үшін оның ұяшығын Басты экранға қосуға болады.

Auto Source Switch+ опциясын қосу

Settings > General > System Manager > Auto Source Switch+

Жаңа құрылғы экраны автоматты түрде шығады.

Қосымша функцияларды пайдалану

Мына функцияларды Source экранында пайдалануға болады.

- Remote Access

  Өнімді дербес компьютерге қашықтағы дербес компьютер немесе Screen Sharing (Wireless) арқылы қол жеткізу үшін пайдаланыңыз.

  Қосымша ақпаратты "Remote Access функциясын пайдалану" бөлімінен қараңыз.

- Connection Guide

  Құрылғыны жалғау туралы нұсқауларды көрсетеді.

  Қосымша ақпаратты "Connection Guide" тарауынан қараңыз.

- Samsung TV Plus

  Өнім интернетке қосылған кезде, кез келген уақытта виртуал арна арқылы әр тақырып бойынша танымал бағдарламаларды немесе қызықты сәттерді көруге болады. Кәдімгі арналар сияқты, өнім Samsung TV Plus үшін күнделікті бағдарламалар кестесін ұсынады.

  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Жалғау бойынша ескертпелер

Сыртқы құрылғыны қосқанда мынаны ескеріңіз:

Ұяшықтардың сандары және олардың атаулары мен орналасқан жерлері үлгіге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Оны өнімге жалғау кезінде сыртқы құрылғының пайдалану нұсқаулығын қараңыз. Сыртқы құрылғы ұяшықтарының сандары, атаулары мен орналасқан жерлері өндірушіге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

HDMI қосылымына қатысты ескерту

- HDMI кабельдерінің келесі түрлері ұсынылады:
  - High Speed HDMI Cable
  - High Speed HDMI Cable with Ethernet
  - Premium High Speed HDMI Cable
  - Premium High Speed HDMI Cable with Ethernet
  - Ultra High Speed HDMI Cable
- Қалыңдығы 0,66 дюйм (17 мм) немесе одан аз HDMI кабелін пайдаланыңыз.
- Сертификатталмаған HDMI сымын пайдаланған кезде экран ағарып тұруы немесе қосылым ақауы пайда болуы мүмкін.
- Кейбір HDMI кабельдері және құрылғылар әртүрлі HDMI техникалық сипаттарына байланысты үйлесімді болмауы мүмкін.
- Бұл өнім HDMI Ethernet арнасына қолдау көрсетпейді. Ethernet - IEEE тарапынан стандартталған коаксиалды кабельдер арқылы құрылатын жергілікті аймақтық желі (LAN).
- Ең жақсы UHD қарау сапасына қол жеткізу үшін 10 футтан (3 м) қысқарақ кабельді пайдаланыңыз.
- Көптеген компьютерлік графикалық адаптерлерде HDMI порттары жоқ, бірақ оның орнына DVI немесе DisplayPort порттары бар. Егер дербес компьютеріңіз HDMI бейне шығыс портына қолдау көрсетпесе, дербес компьютеріңізді DVI -HDMI немесе HDMI-DisplayPort кабелімен қосыңыз.
- Өнім сыртқы құрылғыға, мысалы, DVD/BD ойнатқышына немесе HDMI арқылы тіркемеге қосылған кезде, қуатты синхрондау режимі автоматты түрде іске қосылады. Қуатты синхрондау режимінде өнім HDMI кабелі арқылы сыртқы құрылғыларды анықтауды және жалғауды жалғастырады. Бұл функцияны қосылған құрылғының HDMI кабелін ағытып сөндіруге болады.

  Бұл функция кейбір үлгілерде жоқ болуы мүмкін.

USB Type-C кабеліне арналған қосылым ескертпелері

Бұл функция M7 серияларында ғана қол жетімді.

- Бар болса, USB Type-C кабелінің жиіліктер ауқымын тексеріңіз. Кабельдің сипаттамасына және күйіне байланысты шығыс көзі жеткіліксіз болуы мүмкін.
- Қосқышты және қуат кабелін жылдам қоспаңыз немесе ажыратпаңыз, себебі бұл біраз уақытты қажет етеді.
- Thunderbolt құрылғысы кабель арқылы жалғанған кезде, үйлесімділік мәселелеріне байланысты функция қолданылмауы мүмкін.
- USB Type-C кабелімен зарядтау кезінде, құрылғының түріне байланысты ақаулық орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайда өніммен бірге берілген зарядтағышты пайдаланыңыз немесе құрылғының өндірушісіне хабарласып, кеңес алыңыз.

Компьютерлерді қосуға қатысты ескерту

- Өнім қолдау көрсететін ажыратымдылық туралы ақпаратты «Компьютерге қосылу алдында оқыңыз (қолдау көрсететін ажыратымдылықтар)» бөлімінен қараңыз.
- Егер компьютерді және өнімді сымсыз жалғау қажет болса, олардың екеуі де бір-біріне бірдей желіге жалғануы қажет.
- Мазмұнды басқа желілік құрылғылармен, мысалы IP (интернет протколы) сақтау жүйесімен бөлісу кезінде желінің конфигурациясына, сапасына немесе функциясына байланысты, мысалы желіде NAS (Network-Attached сақтау) бар болса, онда ортақ пайдалануға қолдау көрсетілмейді.

Ұялы құралдарды қосуға қатысты ескерту

- Smart View функциясын пайдалану үшін мобильді құрылғы Screen Mirroring немесе Smart View сияқты шағылыстыру функциясын қолдауы керек. Мобильді құрылғыңыздың экранды бейнелеу функциясын қолданатын-қолданбайтынын тексеру үшін мобильді құрылғыны пайдаланушы нұқсқаулығын қараңыз.
- Wi-Fi Direct функциясын пайдалану үшін мобильді құрылғы Wi-Fi Direct функциясын қолдауы керек. Мобильді құрылғы Wi-Fi Direct функциясын қолдайтынын тексеру үшін мобильді құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Мобильді құрылғы мен өнім бірдей желіде бір-біріне жалғанған болуы керек.
- Егер iPhone немесе iPad пайдаланушысы болсаңыз, AirPlay пайдаланыңыз. Қосымша ақпаратты "⌂ > Source > Connection Guide > Smartphone > Apple AirPlay" бөлімінен қараңыз.

  Бұл функция кейбір үлгілерде жоқ болуы мүмкін.
- Желі жағдайларының қандай болуына қарай, бейне немесе дыбыс файлдары үзік-үзік тоқтауы мүмкін.
- Мазмұнды басқа желілік құрылғылармен, мысалы IP (интернет протколы) сақтау жүйесімен бөлісу кезінде желінің конфигурациясына, сапасына немесе функциясына байланысты, мысалы желіде NAS (Network-Attached сақтау) бар болса, онда ортақ пайдалануға қолдау көрсетілмейді.

Қашықтан басқару және сыртқы құрылғылар

Өнімнің операцияларын Samsung Smart Remote құрылғысынан басқаруға болады. Пайдалануды оңайлату үшін пернетақта сияқты сыртқы құрылғыларды жұптастырыңыз.

Samsung Smart Remote құрылғысы туралы

Samsung Smart Remote түймелері туралы үйреніңіз.

Samsung Smart Remote құрылғысы туралы

Samsung Smart Remote түймелері туралы үйреніңіз.



Түймесі	Сипаттама
(Қуат)	Құрылғыны қосады немесе өшіреді.
(дауыстық көмекші)	Дауыстық көмекшіні іске қосады. Түймені басып тұрып, пәрменді айтыңыз, одан кейін Voice Assistant функциясын іске қосу үшін түймені жіберіңіз. Voice Assistant функциясының қолдау көрсетілетін тілдері мен мүмкіндіктері орналасқан аймаққа байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
(Түс/Сан түймесі)	Осы түймені басқан сайын түрлі түсті түймелер терезесі мен виртуалды сандар тақтасы кезек-кезек көрсетіледі. • Осы түймені қолданыстағы функцияға тән қосымша параметрлерге қол жеткізу үшін пайдаланыңыз. • Виртуалды сандар тақтасын экранға шығару үшін басыңыз. Сандарды енгізу үшін сандар пернетақтасын қолданыңыз. Сандарды таңдап, санды енгізу үшін Done параметрін таңдаңыз. Арнаны өзгерту, PIN код енгізу, ZIP кодты енгізу, т.б. үшін пайдаланыңыз.
(Picture Mode)	Picture Mode өзгерту Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
(Remote Access)	Өнімді дербес компьютерге Remote PC, Screen Sharing (Wireless) немесе Cloud Service арқылы қол жеткізу үшін пайдалануға болады. Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
1 Меңзер түйме (жоғары/төмен/солға/оңға)	Кезелімді жылжытады.
2 Таңдау	Фокусталған элементті таңдайды немесе іске қосады. Бағдарлама көріп отырған кезде басылса, бағдарламаға қатысты толық ақпарат көрсетіледі.

Түймесі	Сипаттама
(Қайту)	Алдыңғы мәзірге оралу үшін басыңыз. 1 секунд немесе бұдан астам басылғанда, жұмыс істеп тұрған функция ажыратылады. Бағдарламаны көріп отырып басқанда, алдыңғы арна пайда болады.
(Смарт хаб)	Басты экранға қайту үшін басыңыз.
(Ойнату/кідірту)	Басқан кезде, ойнатуды басқаратын құралдар пайда болады. Осы басқару құралдарымен ойнап тұрған мазмұнды басқаруға болады. Бағдарлама көріп отырып жазу немесе Timeshift функциясын пайдалану үшін түймені басыңыз.
+ / — (Дыбыс деңгейі)	Дыбыс деңгейін реттеу үшін түймені жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Дыбысты үнсіз режимге қою үшін түймені басыңыз. 1 секунд немесе бұдан астам басқанда, Accessibility Shortcuts пайда болады.
∧ / ∨ (Арна)	Арнаны өзгерту үшін түймені жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Guide экранын қарау үшін түймені басыңыз. Егер 1 секунд не одан ұзағырақ бассаңыз, Channel List экраны пайда болады. Арнаны жылдам ауыстыру үшін түймені жылдам жоғары не төмен басыңыз.
(Бастау қолданбасының түймесі)	Түйме арқылы көрсетілген қолданбаны іске қосыңыз. Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- Күту режимінде экранды қосу үшін қашықтан басқару пультіндегі кез келген түймені басыңыз.
- Таратуға және арнаға қатысты функциялар тек кейбір қолданбаларда немесе сыртқы құрылғыларда қолжетімді.
- Samsung Smart Remote құрылғысын өнімнен кемінде 6 м алыс пайдаланыңыз. Пайдалану қашықтығы сымсыз байланыс жағдайларына қарай әр түрлі болуы мүмкін.
- Құрылғының үлгілеріне немесе географиялық өңірлерге байланысты Samsung Smart Remote суреттері, түймелері және функциялары әр түрлі болуы мүмкін.
- HDMI-CEC (Anynet+) функциясына қолдау көрсетпейтін үйлесімді сыртқы құрылғыны басқару мақсатында Samsung Smart Remote құрылғысын пайдалану үшін, HDMI кабелі арқылы құрылғыны өнімдегі HDMI портына жалғаңыз. Қосымша ақпаратты "Anynet+ (HDMI-CEC) функциясын пайдалану" тарауынан қараңыз.

Samsung Smart Remote құрылғысын өнімге жалғау

Өнімді басқару үшін Samsung Smart Remote құрылғысын өнімге жалғаңыз.

Өнімді алғашқы рет қосқанда, Samsung Smart Remote құрылғысы өніммен автоматты түрде жұптасады. Егер Samsung Smart Remote құрылғысы өнімге автоматты түрде жұптаспаса, оны өнімнің алдыңғы жағына қаратып, және түймелерін 3 секунд және одан көп уақыт бірге басып тұрыңыз.



- Құрылғының үлгілеріне немесе географиялық өңірлерге байланысты Samsung Smart Remote суреттері, түймелері және функциялары әр түрлі болуы мүмкін.
- Samsung Smart Remote құралы туралы қосымша ақпаратты "Samsung Smart Remote құрылғысы туралы" тармағынан қараңыз.
- S24AM50* үлгілеріне қолдау көрсетілмейді.

Anynet+ (HDMI-CEC) функциясын пайдалану

Anynet+ (HDMI-CEC) арқылы жалғанған сыртқы құрылғыны қашықтан басқару пульті арқылы басқарыңыз.

Өнімнің қашықтан басқару пультін өнімге HDMI кабелі арқылы жалғанатын және Anynet+ (HDMI-CEC) функциясын қолдайтын сыртқы құрылғыларды басқару үшін пайдалануға болады. Қашықтан басқару пультімен Anynet+ (HDMI-CEC) функциясын тек орнатуға және пайдалануға болатынын ескеріңіз.

Сыртқы құрылғыны Anynet+ арқылы қосу және оның мәзірін пайдалану

Settings > General > External Device Manager > Anynet+ (HDMI-CEC)

1. Anynet+ (HDMI-CEC) параметрін On қалпына қойыңыз.
2. HDMI-CEC үйлесімді құрылғыны өнімге жалғаңыз.
3. Жалғанған сыртқы құрылғыны қосыңыз.

Құрылғы өнімге автоматты түрде жалғанады. Қосылым процесі аяқталғаннан кейін, өнімнің қашықтан басқару пульті арқылы жалғанған құрылғының мәзіріне кіріп, құрылғыны басқаруға болады.

Жалғау толық аяқталуы үшін 2 минутқа жуық уақыт қажет.

Anynet+ (HDMI-CEC) құрылғысын жалғау алдында оқып шығыңыз

- Anynet+ (HDMI-CEC) функциясы қосылған құрылғылар өнімге HDMI кабелі арқылы жалғануы керек. Кейбір HDMI кабельдері Anynet+ (HDMI-CEC) функцияларын қолдамайтынын ескеріңіз.
- Anynet+ функциясын HDMI-CEC режиміне қолдау көрсетпейтін сыртқы құрылғыларды басқару үшін қолдануға болмайды.
- Монитордың қашықтан басқару пульті белгілі бір жағдайларда жұмыс істемейді. Осындай жағдай орын алса, құрылғыны Anynet+ (HDMI-CEC) функциясы қосылған құрылғы сияқты қайтадан орнатыңыз.
- Anynet+ (HDMI-CEC) функциясы тек HDMI-CEC интерфейсін қолдайтын және сол құрылғылар күту режимінде немесе қосулы болғанда ғана сыртқы құрылғылармен жұмыс істейді.
- Anynet+ (HDMI-CEC) функциясы үй кинотеатрларынан басқа 12 үйлесімді сыртқы құрылғыны (бірдей 3 түрге дейін) басқара алады. Anynet+ (HDMI-CEC) тек бір үй кинотеатры жүйесін басқара алады.
- Сыртқы құрылғыдан 5.1 арна дыбысын тыңдау үшін, құрылғыны өнімге HDMI кабелі арқылы жалғаңыз.

Өнімді пернетақтамен, тінтуірмен немесе джойстикпен басқару

Өнімді оңай басқару үшін оған пернетақтаны, тінтуірді немесе джойстикті жалғаңыз.

Settings > General > External Device Manager > Input Device Manager

Өнімді оңай басқару үшін оған пернетақтаны, тінтуірді немесе джойстикті жалғай аласыз.

USB пернетақтасын, тінтуірді немесе геймпадты қосу

Пернетақта, тінтуір немесе геймпад кабелін USB портына қосыңыз.

- Тінтуірді қоссаңыз ол Internet қолданбасы мен Remote Access функциясында ғана жұмыс істейді.
- XInput USB геймпаттарына қолдау көрсетіледі.
- Қосымша ақпаратты Input Device тармағын Connection Guide (> Source > Connection Guide > Input Device) арқылы ашып қараңыз.

Bluetooth пернетақтасын, тінтуірді немесе ойын құралын қосу

Settings > General > External Device Manager > Input Device Manager > Bluetooth Device List

- Егер құрылғы анықталмаса, пернетақтаны өнімге жақын орналастырыңыз, одан кейін Refresh параметрін таңдаңыз. Өнім қолжетімді құрылғыларды қайта сканерлейді.
- Тінтуірді жалғасаңыз, оған Internet қолданбасында ғана қолжетімді.
- Қосымша ақпаратты Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Пенетақтаны және тінтуірді жалғау

Түймесі	Сипаттама
Бағыт пернелері	Мәзір навигациясын пайдаланыңыз немесе басты экрандағы элементтерді бөлектеу үшін фокусты жылжытыңыз.
Windows пернесі	Өнімнің параметрлерін көрсетеді
Кіру пернесі	Меңзердегі элементті таңдайды немесе іске қосады
ESC пернесі	Алдыңғы экранға оралуға арналған
F1 / F2 / F3 / F4 пернесі	Түрлі түсті түймелер — / / /
F5 пернесі	Басты экранды көрсету
F6 пернесі	Source экранын көрсетеді
F7 пернесі	Channel List көрсетеді
F8 пернесі	Үнсіз режимге қояды
F9 / F10 пернесі	Дыбысты реттейді
F11 / F12 пернесі	Арнаны ауыстырады
Бетті жоғары/төмен жылжыту	Internet қолданбасында көрсетілген веб-парақшаны шарлайды.
Сол жақ пернемен шерту	Internet қолданбасында ғана жұмыс істейді. Дербес компьютердегідей мәзірді немесе сілтемені шертіп, функцияны бастауға болады.
Оң жақ пернемен шерту	Internet қолданбасында ғана жұмыс істейді. Келесі функцияларды пайдалануға болады: Таңдалған элементке байланысты мәзірде көрсетілетін опциялар әр түрлі болуы мүмкін. • Open • Open Link in New Tab • Enable Scroll Mode

Перненің жұмысы кей қолданбаларға немесе пернетақтаға байланысты басқаша болуы мүмкін.

Кіріс құрылғыларын баптау

Settings > General > External Device Manager > Input Device Manager

- Keyboard Settings

  Пернетақтаны Keyboard Language және Keyboard Type функцияларымен баптауға болады.

- Mouse Settings

  Тінтуірді Primary Button және Pointer Speed функцияларымен баптауға болады.

Экрандағы виртуалды пернетақтамен мәтін енгізу

Өнімде мәтін енгізу үшін виртуалды пернетақтаны пайдаланыңыз.



Өнімдегі кескін модельге және орналасқан аймағына байланысты жоғарыда көрсетілген кескіннен өзгеше болуы мүмкін.

1 Recommended text

Іздеу термині ретінде пайдаланғыңыз келген сөзді тергенде, осы функция ішінен біреуін таңдауға болатын мүмкін варианттарды көрсетеді.

❷ Options

Экрандағы виртуалды пернетақтадан ⚙ таңдаңыз. Келесі функцияларға қол жетімді:

Қазір жұмыс істеп тұрған функцияға байланысты қолданылатын параметрлер әр түрлі болуы мүмкін.

- Recommended text
- Reset Recommended Text Memory
- Accented Character Preview
- Predict Next Character (when using direction buttons)
- Language

❸ Predict Next Character

Виртуалды пернетақтаға таңба жазған сайын, келесі ықтимал таңбалар көрсетіледі. Біреуін таңдау үшін қашықтан басқару пультінің меңзер түймелерін қолдануға болады.

Смарт функциялар

Smart Hub көмегімен сан алуан қолданбаларды пайдалана аласыз.

Smart Hub функциясын пайдалану

Smart Hub негізгі функцияларының сипаттамаларын қараңыз.

Smart Hub мәзірінде Интернеттен іздеу функциясын қолдануға, әртүрлі қолданбаларды орнатуға және пайдалануға, фотосуреттер мен бейнелерді көруге немесе сыртқы жад құрылғыларында сақталған музыканы тыңдауға және басқа функцияларды орындауға болады.

- Кейбір Smart Hub қызметтері ақылы болады.
- Smart Hub функциясын пайдалану үшін өнім Интернетке жалғануы керек.
- Кейбір Smart Hub мүмкіндіктеріне қызмет провайдеріне, тілге немесе географиялық аймаққа байланысты қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Smart Hub қызметтің үзілуі Интернет қызметіндегі кедергілерден туындауы мүмкін.
- Smart Hub функциясын пайдалану үшін Smart Hub қызметін көрсету келісіміне, жеке ақпаратты жинау және пайдалану шарттарына келісуіңіз керек. Келісім бермесеңіз қосымша қызметтер мен функцияларды пайдалана алмайсыз. Terms & Privacy толық мәтінін > Settings > Terms & Privacy беттерін шарлау арқылы қарап шығуға болады.
- Smart Hub функциясын пайдалануды тоқтатқыңыз келсе, келісімнен бас тартуға болады. Smart Hub қызметін көрсету келісімінен бас тарту үшін Reset Smart Hub (> Settings > Support > Device Care > Self Diagnosis > Reset Smart Hub) опциясын таңдаңыз.

Басты экранды көрсету

түймешігін басыңыз.



Өнімдегі кескін модельге және орналасқан аймағына байланысты жоғарыда көрсетілген кескіннен өзгеше болуы мүмкін.

Басты экраннан осының алдында немесе жиі қолданылған қолданбаларды оңай іске қосуға болады. Сондай-ақ қолданбаларды экранда жылжытуға немесе жоюға болады.

1 Settings

Кезелім Settings белгісіне жылжыған кезде, мәзірдің үстіңгі жағында жылдам параметр белгішелерінің тізімі пайда болады. Жиі пайдаланылатын функцияларды белгішелерді шерту арқылы жылдам орнатуға болады.

- Picture Mode

  Ең тамаша қарау тәжірибесін беретін сурет режимін таңдауға болады. Сурет режимін өзгерту үшін Select түймесін басыңыз. Нақты параметрлерді реттеу үшін меңзер түймесін басып, Picture Setup параметрін таңдаңыз.

- Sound Mode

  Дыбыс режимін жеке талғамыңызға сай таңдауға болады. Дыбыс режимін өзгерту үшін Select түймесін басыңыз. Нақты параметрлерді реттеу үшін меңзер түймесін басып, Equalizer Setup параметрін таңдаңыз.

- Sound Output

  Сіз өнімнің аудио шығысы үшін қандай динамиктерді қолданатынын таңдай аласыз. Аудио шығысы режимін өзгерту үшін Select түймесін басыңыз. Bluetooth дыбыстағышын қосу үшін жоғары меңзер түймесін басып, Bluetooth Speaker List таңдаңыз.

  Үлгіге немесе географиялық өңірге байланысты Bluetooth дыбыстағышын қосу функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- Game Mode

  PlayStation™, Xbox™ немесе Nintendo Switch™ сияқты ойын консолімен бейне ойындарын ойнатуға арналған өнімнің параметрлерін оңтайландыру үшін ойын режимін қосуға болады. Game Mode функциясын қосу немесе өшіру үшін Select түймесін басыңыз.

  Қосымша ақпаратты "Сыртқы құрылғылар үшін қарау ортасы параметрлерін орнату" арқылы ашып қараңыз.

  Бұл функция тек сыртқы кіріс көзі қосылса ғана жұмыс істейді.

  Бұл функция кейбір үлгілерде жоқ болуы мүмкін.

- Ultrawide Game View

  Иммерсивті ойын үшін ойын экранының арақатынасын «Кең» параметріне өзгертуге болады.

  Ultrawide Game View функциясы 21:9 шығыстарын қолдайтын бастапқы құрылғыларда ғана қолжетімді және көріліп жатқан ойынға немесе контентке байланысты әртүрлі жұмыс істеуі мүмкін.

  Ultrawide Game View алғаш рет қосылған немесе өшірілген кезде, бірнеше дисплейге арналған параметрді өзгерту қажет болуы мүмкін.

- Eye Saver Mode

  Көз демалуына жарамды оңтайлы сурет сапасы үшін орнатыңыз.

- Caption

  Тікелей эфирлерді субтитрлермен көруге болады. Caption функциясын қосу/сөндіру үшін Select түймесін басыңыз. Accessibility Shortcuts функциясын қосу үшін меңзер түймесін басып, содан кейін Accessibility Shortcuts параметрін таңдаңыз.

  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- Sleep Timer

  Өнімді көрсетілген уақытта автоматты түрде өшетін етіп орнатуға болады. Ұйқы уақытын өзгерту үшін Select түймесін басыңыз. Өнім автоматты түрде өшетін нақты уақытты орнату үшін, жоғары бағыттау көрсеткісі түймесін басыңыз, одан кейін Set Up Off Timer параметрін таңдаңыз.

- Network

  Ағымдық желі мен интернеттің қалып-күйін қарай аласыз. Меңзер түймесін басып Network Status немесе Network Settings таңдаңыз.

- Color Tone

  Бейнені көру үшін қолайлы түстің реңін таңдауға болады. Түс реңкін өзгерту үшін Select түймесін басыңыз.

- Picture Clarity

  Әр түрлі қимылдары бар суреттерді оңтайландыруға болады. Осы функцияны қосу немесе өшіру үшін Select түймесін басыңыз. Нақты параметрлерді орнату үшін жоғары меңзер түймесін басып, содан кейін Picture Clarity Settings таңдаңыз.

- Digital Output Audio Format

  Сандық аудио үшін шығыс пішімін таңдауға болады. Dolby Digital+ опциясына Dolby Digital+ пішіміне қолдау көрсететін сыртқы құрылғыларға арналған HDMI (eARC) арқылы ғана қол жеткізуге болады.

  HDMI (ARC) кейбір үлгілерде қолданылады. Сатып алынған құрылғы үлгісінің HDMI ұяшығының атауын тексеріңіз.

  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- Device Care

  Өнімді диагностикалап, оңтайландыру үшін Device Care қолданбасын іске қосуға болады. Сондай-ақ, Device Care қолданбасы өнімнің жадын диагностикалап, оңтайландыра алады. Егер қандай да бір проблема табылса, өнім техникалық қолдау бөліміне қоңырау шала алады.

- All Settings

  Settings мәзірін көрсетеді.

Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

2 Search

Smart Hub арқылы арналарды, бағдарламаларды, бейнефильм тақырыптарын және қолданбаларды іздеуге болады.

Осы мүмкіндікті пайдалану үшін, өнім интернетке жалғанған болуы қажет.

Бұл функция кейбір үлгілерде жоқ болуы мүмкін.

3 Apps

Өнімге тиісті қолданбаларды орнату арқылы жаңалықтарды, спорт ақпараттарын, ауа райын және ойындарды қоса, контенттің кең ауқымын пайдалануға болады.

Осы мүмкіндікті пайдалану үшін, өнім интернетке жалғанған болуы қажет.

Қосымша ақпаратты "Apps қызметін пайдалану" бөлімінен қараңыз.

4 Source

Өнімге жалғанған сыртқы құрылғыны таңдауға болады.

Қосымша ақпаратты «Өнімге қосылған сыртқы құрылғылар арасында ауысу» бөлімінен қараңыз.

5 Home

Бұл мәзір түймесін басқанда бірінші пайда болады. Одан кейін Samsung Account, Notification немесе Privacy Choices бөліміне жылдам кіруге болады.

- Samsung Account

  Жаңа есептік жазба жасау немесе есептік жазбадан шығу үшін Samsung Account тармағына өтіңіз.

  Қосымша ақпаратты "Samsung тіркелгісін пайдалану" тарауынан қараңыз.

- Notification

  Өнімде пайда болатын барлық оқиғаның хабарландыруларының тізімін көруге болады. Жоспарланған бағдарлама көрсетілетін уақыт болса немесе тіркелген құрылғыда бағдарлама көрсетілейін деп жатса, экранда хабарландыру пайда болады.

  Фокусты Notification опциясына жылжытып, Select түймесін бассаңыз, оң жақта хабарландыру терезесі пайда болады да, мынадай функцияларды қолдануға болады:

  – Delete All

    Барлық хабарландыруларды жоюға болады.

  – Settings

    Хабарландыру алғыңыз келген қызмет түрлерін таңдауыңызға болады.

    Allow sound таңдасаңыз, хабарландыру көрсетілгенде хабарландыру дыбысы естіледі.

- Privacy Choices

  Smart Hub және әр түрлі басқа қызметтер үшін құпиялылық саясатын қарауға және орнатуға болады.



Өнімдегі кескін модельге және орналасқан аймағына байланысты жоғарыда көрсетілген кескіннен өзгеше болуы мүмкін.

6 Home Screen экранындағы элементті жылжыту

Жылжытқыңыз келген қолданбаға қарай кезелімді жылжытыңыз да, қашықтан басқару пультіндегі Select түймесін басып тұрыңыз, содан кейін параметрлер мәзіріндегі Move тармағын таңдаңыз. Сол жақ немесе оң жақ меңзер түйменің көмегімен қолданбаны қалаған орынға жылжытыңыз да, Таңдау түймесін басыңыз. Таңдалған қолданба Басты экранға жылжытылады.

7 Басты экрандағы элементті алып тастау

Фокусты жойылатын қолданбаға жылжытып, қашықтан басқару пультіндегі Select түймесін басып тұрыңыз да, опция мәзірінен Remove тармағын таңдаңыз. Таңдалған қолданба жойылады.

Жиі пайдаланылатын қолданбаларды Home Screen экранына Apps мәзірі арқылы қосуға болады. Таңдаулы қолданбаны Home Screen қатарына қосу үшін "Орнатылған қолданбаларды басқару" тармағын қараңыз.

Smart Hub функциясын автоматты түрде іске қосу

> Settings > General > Smart Features > Autorun Smart Hub

Autorun Smart Hub параметрін on күйіне орнатқанда, өнімді қосқанда өнімде басты экран автоматты түрде көрсетіледі. Осы функцияны қосуға не өшіруге болады. Ағымдағы мәзірде Select түймесін басыңыз.

Соңғы пайдаланылған қолданбаны автоматты түрде қосу

> Settings > General > Smart Features > Autorun Last App

Егер Autorun Last App параметрі on күйіне орнатылса, өнімді қосқанда соңғы пайдаланылған қолданба автоматты түрде іске қосылады. Осы функцияны қосуға не өшіруге болады. Ағымдық мәзірден Select түймесін басыңыз.

Қолданба түріне қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Smart Hub қосылымдарын тексеру

> Settings > Support > Device Care > Self Diagnosis > Smart Hub Connection Test

Smart Hub функциясын қайта орнату

> Settings > Support > Device Care > Self Diagnosis > Reset Smart Hub

Smart Hub параметрлерін бастапқы қалпына келтіруге болады. Smart Hub параметрлерін бастапқы қалпына келтіру үшін PIN кодын енгізіңіз. The default PIN is "0000". PIN кодты > Settings > General > System Manager > Change PIN ойындысында орнатуға болады.

Samsung тіркелгісін пайдалану

Samsung тіркелгіңізді құрып, оны басқарыңыз.

Home > Settings > General > System Manager > Samsung Account

Samsung есептік жазбаңызға кіргеннен кейін, Terms & Policy құжатының толық мәтінін Home > Settings > General > System Manager > Samsung Account > My Account > Terms & Conditions, Privacy Policy тармағынан көруге болады.

Samsung есептік жазбасын http://account.samsung.com арқылы құруға болады. Егер тіркелгі болса, өнімде де, Samsung веб-сайтында да бірдей идентификаторды пайдалануға болады.

Samsung тіркелгісіне кіру

Home > Settings > General > System Manager > Samsung Account > Sign In

Жаңа тіркелгі жасау

Home > Settings > General > System Manager > Samsung Account > Create Account

Samsung тіркелгісін сондай-ақ https://account.samsung.com веб-сайтында құруға болады.

Samsung есептік жазбасын басқару

Settings > General > System Manager > Samsung Account > My Account

Samsung есептік жазбаңызға кіргеннен кейін мына функцияларды пайдалана аласыз:

- Sign Out

  Бірнеше пайдаланушы өнімді бөліскенде, басқа пайдаланушылар тіркелгіңізді көргенін қаламасаңыз, одан шығуға болады.

  Samsung Account есептік жазбаңыздан (> Settings > General > System Manager > Samsung Account) шығу үшін фокусты есептік жазбаңыздың белгішесіне апарып, Select түймесін басыңыз. Қалқымалы терезе көрсетілген кезде Sign Out параметрін таңдаңыз.

- Edit Profile

  Есептік жазбаңыздың деректерін өңдеуіңізге болады.

  Жеке ақпаратты қорғау үшін, Edit Profile енгізіңіз және содан соң Sign-in Method әдісін Profile image selection and password entry (High security) параметріне орнатыңыз.

  Егер өнімді әрбір қосқан кезде өнім тіркелгіге автоматты түрде кіруін қаласаңыз, Stay Signed In түймесін басыңыз.

- Payment Info

  Төлем ақпаратын қарауға немесе басқаруға болады.

- Back up

  Өнім параметрлерін Samsung Cloud жадына сақтық көшірмелеуге болады. Өнімді қайта орнатқанда немесе ауыстырғанда, оның параметрлерін сақтық көшірмеленген параметрлермен де қалпына келтіруге болады.

- Sync Internet

  Samsung есептік жазбасына кіріп Sync Internet параметрлерін конфигурациялағаннан кейін, басқа құрылғыларда тіркелген сайттағы таңдаулар мен бетбелгілерді ортақ пайдалануға болады.

- Remove Account

  Өнімнен тіркелгіні жоюға болады. Өнімнен Samsung тіркелгісін жойғанымен, сіз жазылымнан шықпадыңыз. Samsung есептік жазбасынан бас тарту үшін Samsung есептік жазбалар веб-сайтына (http://account.samsung.com) барыңыз.

- Terms & Conditions, Privacy Policy

  Пайдаланушы шарты мен құпиялық саясатын қарап шығуыңызға болады.

  Пайдалану шарттары мен талаптарын, құпиялылық саясатын қарау үшін View Details тармағын таңдаңыз.

Remote Access функциясын пайдалану

Remote PC, Screen Sharing (Wireless) немесе Cloud Service арқылы компьютерге кіру үшін өнімді пайдаланыңыз.

> Source > Remote Access

Өнімді дербес компьютерге Remote PC, Screen Sharing (Wireless) немесе Cloud Service арқылы қол жеткізу үшін пайдалануға болады.

Компьютерді оңай пайдалану үшін, пернетақта мен тінтуірді өнімге алдын ала жалғаңыз.

Өнімдегі кескін модельге және орналасқан аймағына байланысты жоғарыда көрсетілген кескіннен өзгеше болуы мүмкін.

Қашықтағы компьютерді қосу

Windows жүйесінде жұмыс істейтін компьютерге қашықтан жалғауға арналған **Компьютерге қашықтан қосылу (RDP)** құралын және Mac жүйесінде жұмыс істейтін компьютер үшін **Виртуальды желіні есептеу (VNC)** құралын қамтамасыз етеді. Компьютерге қашықтан жалғану үшін қашықтағы компьютердің IP мекенжайын енгізіңіз немесе сақталған профильді таңдаңыз. Дұрыс пайдаланушы аты мен құпия сөзін енгізіңіз де, дұрыс протоколды таңдаңыз. Егер сол желі арқылы кіруге болатын компьютер болса, табылған IP және протокол көрсетіледі.

Жиі қолданылатын дербес компьютерді тіркеу үшін фокусты Manage User Profiles опциясына жылжытып, Select түймесін басыңыз. Қалқымалы терезе пайда болғанда Add параметрін таңдап, содан кейін дербес компьютер туралы деректерді енгізіңіз.

Компьютер қуат үнемдеу режиміне өткен кезде, жалғау мүмкін емес. Қуат үнемдеу режимін болдырмау ұсынылады.

1. Компьютеріңіздің параметрлерін конфигурациялау үшін Remote Access функциясын таңдаңыз.

   Windows жүйесінде RDP протоколы арқылы жұмыс істейтін қашықтан жалғану фукнциясы тек Windows 7 не одан кейінгі жүйелерде қолданылады. Ал операциялық жүйесі Professional не одан жоғарырақ басылым болуға тиіс.

   Mac жүйесінде VNC протоколы арқылы жұмыс істейтін қашықтан жалғану фукнциясы тек Mac OS X 10.5 не одан кейінгі жүйелерде қолданылады.

   - Windows операциялық жүйесі:

     1) Жұмыс үстелі немесе Windows Explorer браузерінде **Менің компьютерім** белгішесін оң жақ пернемен шертіп, **Сипаттар** параметрін шертіңіз.
     2) **Кеңейтілген жүйе параметрлерін** шертіңіз. **Жүйе сипаттары** терезесі пайда болады.
     3) **Қашықтан** қойындысын шертіп, **Бұл компьютерге қашықтан көмек алу үшін жалғануға рұқсат ету** тармағын таңдаңыз.

   - Mac операциялық жүйесі:

     1) **Мәзір** > **Жүйе** > **Теңшелімдер** параметрін таңдап, **Ортақ пайдалану** пәрменін басыңыз.
     2) **Экранды ортақ пайдалану** және **Қашықтан кіру** құсбелгілерін қойыңыз.
     3) App Store дүкенінен жүктелген ажыратымдылықты өзгерту қолданбасын іске қосыңыз, содан соң ажыратымдылықты 1440 x 900 немесе одан төмен мәнге ауыстырыңыз.

        Егер Mac операциялық жүйесінде ажыратымдылықты өзгертпесеңіз, қашықтағы компьютерді қосу кезінде алдыңғы сурет пайда болуы мүмкін.

2. Компьютерді қашықтан қосу үшін қажет параметрлерді енгізіңіз.



Өнімдегі кескін модельге және орналасқан аймағына байланысты жоғарыда көрсетілген кескіннен өзгеше болуы мүмкін.

1 Қосылғыңыз келген компьютердің IP мекенжайын енгізіңіз.

- Windows жүйесін қолдансаңыз, әрі қосылғыңыз келген компьютер де дәл осы желіде тұрса (роутер/AP), “cmd" пәрменінПараметрлер > Желі және интернетт > Желі сипаттарын қарау немесе Бастау > Іске қосу арқылы орындап, содан кейін “ipconfig” пәрменін беру арқылы компьютердің IPv4 мекенжайын тексеріңіз.
- Mac компьютерін қолдансаңыз, IP мекенжайын Параметрлер > Қашықтан қатынасу тармақтарынан қарауға болады.
- Өнім мен компьютер бірдей желіде болмағанда, жалпыға қолжетімді IP мекенжайын біліп, маршрутизатор мен AP параметрін конфигурациялау қажет. Компьютерге қосулы тұрған роутердің порттарды қайта жіберу мүмкіндігі бар-жоғын тексеріңіз. Компания брандмауэр тәрізді қосымша қауіпсіздік мүмкіндіктерін берсе, онда қауіпсіздік технигінен көмек сұраңыз.



2 Компьютердің пайдаланушы атын енгізіңіз.

Username дерегін тексеру жолы: Windows жүйесінде Басқару тақтасы > Пайдаланушы тіркелгісін басқару, Mac жүйесінде Жүйе параметрлері > Пайдаланушылар және топтар.

3 Компьютердің операциялық жүйесіне арналған протоколды таңдаңыз. (Windows: RDP, Mac: VNC)

4 Кіру тіркелгісінің құпия сөзін енгізіңіз.

PIN қолдану үшін PIN кодты енгізбей, оның орнына компьютердің құпия сөзін енгізу керек.

Қашықтағы компьютерде мультимедиа мазмұнын ойнату

Қашықтағы компьютерге кіргеннен кейін тінтуір меңзерін экранның үстіңгі жағына жылжытқанда, үстіңгі панель пайда болады. Қалтаны ортақ пайдалану белгішесін үстіңгі панельде шерткен кезде, Windows немесе Mac операциялық жүйесінде ортақ пайдаланылатын қалталар пайда болады. Қалтадағы кез келген медиа мазмұнын ойнатуға болады.

Қосымша ақпаратты "Суреттерді/бейне/музыка ойнату" тарауынан қараңыз.

Бұл функцияны пайдалану үшін компьютерге кіру үшін қалтаны ортақ пайдалану опциясы төменде көрсетілгендей қосылуы тиіс:

- Windows операциялық жүйесі:

    1. Windows Explorer іске қосыңыз, содан кейін ортақ пайдалану үшін қалтаға өтіңіз.
    2. Қалтаны оң жақ пернемен шертіп, **Сипаттар** параметрін таңдаңыз.
    3. **Сипаттар** терезесі пайда болғаннан кейін, **Ортақ пайдалану** қойындысын шертіп, **Кеңейтілген ортақ пайдалану** параметрін таңдаңыз.
    4. **Кеңейтілген ортақ пайдалану** терезесі пайда болғаннан кейін, **Осы қалтаны ортақ пайдалану** құсбелгі көзін таңдаңыз.

- Mac операциялық жүйесі:

    1. **Мәзір** > **Жүйе теңшелімдері** параметрін таңдап, **Ортақ пайдалану** пәрменін басыңыз.
    2. **Файлды ортақ пайдалану** құсбелгі көзін таңдаңыз.
    3. Ортақ пайдалануға қалтаны қосу үшін, төменгі жақтағы Қосу+ түймесін басыңыз.
    4. Қалтаны таңдап, Қосу+ түймесін басыңыз.

Бейне файлды қашықтағы компьютер арқылы ойнатқан кезде экран немесе дыбыс бұзылуы мүмкін.

Screen Sharing (Wireless) функциясын пайдалану

Компьютер параметрлерін реттеп, өнімді компьютерге сымсыз жалғау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

- Бұл функция экранды сымсыз ортақ пайдалануға мүмкіндік беретін дербес компьютерлерде ғана жұмыс істейді.
- Бұл функцияны Windows 10 қолдайды.
- Mac компьютерінде AirPlay мүмкіндігін қосуға болады.

Samsung DeX пайдалану

Samsung DeX функциясын өнімд сымсыз желі арқылы қосуға болады.

Экраннан мобильді құрал көрінбесе, Mobile Connection Guide таңдап, экрандағы нұсқауларды орындау керек.

- Бұл функция Samsung DeX функциясына қолдау көрсететін мобильді құрылғыларда ғана жұмыс істейді.

Office 365 жүйесін пайдалану

Office 365 веб-сайтына кіргеннен кейін құжатты оқуға немесе жасауға болады.

- Браузерді толық экран режимінде іске қосыңыз.
- Office 365 бетінде URL мекенжайын өзгерту мүмкін емес.

Бұлт қызметін қосу

Add Cloud Service белгішесін таңдаңыз. Браузердің белгілеу функциясын пайдаланып, Remote Access функциясынан бұлт қызметі сілтемесін қосуға немесе жоюға болады.

- Бұлт қызметін қосу үшін Samsung есептік жазбаңызға кіруіңіз керек.
- Remote Access функциясына қосуға болатын бұлт қызметтер саны шектеулі.

Cloud Service функциясын пайдалану

Remote Access функциясына қосылған бұлт қызметі белгішесін таңдап бұлт қызметіне кіре аласыз.

Веб беттегі экран компьютерге қарағанда өзгеше болуы мүмкін.

Кез келген мәтінді көшіруге және қоюға болады. Суреттің кей пішімдеріне қолдау көрсетілмейді.

Cloud Service, Remote Access Pass қызметіне оңай әрі қауіпсіз жүйеге кіруге Samsung Pass сияқты қосымша қолдау көрсетіледі.

Samsung Pass немесе Remote Access Pass параметрлерін орнату.

> Source > Remote Access > жүйесінде пайдалану үшін Samsung Pass немесе Remote Access Pass параметрін орнатып, Remote Access браузерін (Сондай-ақ, Office 365 немесе Add Cloud Serviceпараметрін таңдаңыз), > Internet Menu > Settings функциясын іске қосыңыз.

Remote Access Pass функциясы бұлт қызметінің идентификаторы мен құпиясөзді ұялы құрылғыларда биометриялық аутентификациясыз оңай басқаруға мүмкіндік береді. Осы мақсат үшін Samsung есептік жазбаңызға тіркелу керек. Құпиясөз өнімде қауіпсіз сақталу үшін шифрланған.

Алайда, сайттың саясатына байланысты Remote Access Pass жүйесіне кіру жүзеге аспауы мүмкін.

Бұлт қызметіне қауіпсіз кіру үшін браузердің автоматты түрде сөнуін қолдануға немесе журналды өшіруге болады.

Бұлт қызметіне кіру алдында "Internet функциясын пайдаланбас бұрын оқып шығыңыз" қараңыз.

Бұлт қызметі келесі пернетақта тіркесімдерін қолдайды:

- F1: Remote Access функциясының басты экранына оралады.
- F8: Дыбысты өшіреді.
- F9/F10: Дыбыс деңгейін реттейді.
- F11: Толық экран немесе әдепкі экран арасында ауысады.

Apps қызметін пайдалану

Smart Hub қызметінен түрлі қолданбаларды жүктеп алып, қолданыңыз.

> Apps

Өнімге тиісті қолданбаларды орнату арқылы жаңалықтарды, спорт ақпараттарын, ауа райын және ойындарды қоса, контенттің кең ауқымын пайдалануға болады.

- Осы мүмкіндікті пайдалану үшін, өнім интернетке жалғанған болуы қажет.
- Smart Hub қызметін алғаш рет іске қосқанда, әдепкі қолданбалар автоматты түрде орнатылады. Географиялық аймаққа байланысты әдепкі қолданбалар әр түрлі болуы мүмкін.



- Өнімдегі кескін модельге және орналасқан аймағына байланысты жоғарыда көрсетілген кескіннен өзгеше болуы мүмкін.

1 Samsung Account

Жаңа есептік жазба жасау немесе есептік жазбадан шығу үшін Samsung Account тармағына өтіңіз.

- Samsung есептік жазбаңыздан шығып қалсаңыз, оған қайта кіру үшін Sign In таңдаңыз.
- Егер Apps арқылы жаңа қолданбаларды жүктеп алғыңыз келсе, алдымен Samsung есептік жазбаңызға кіріңіз.

2 App Search

Қолданылатын қолданбаларды ісдеуге болады.

3 Settings

Орнатылған қолданбаларды басқаруға болады.

Қолданбаны орнату

1. Орнатқыңыз келетін қолданбаға жылжыңыз да, Таңдау түймесін басыңыз. Толық ақпарат бейнебеті көрсетіледі.
2. Install түймесін таңдаңыз. Орнату аяқталғаннан кейін Open мәзірі пайда болады.
3. Қолданбаны дереу қосу үшін Open параметрін таңдаңыз.

Орнатылған қолданбаны Settings экранынан көруге болады.

Егер өнімнің ішкі жады жеткіліксіз болса, USB құрылғысына арнайы қолданбаларды орнатуға болады.

USB құрылғысы өнімге жалғанғанда USB құрылғысында орнатылған қолданбаны іске қосуға болады. Егер қолданба жұмыс істеп тұрғанда USB құрылғысы тоқтап қалса, қолданба тоқтатылады.

Компьютердегі немесе басқа өнімдегі USB құрылғысында орнатылған қолданбаны іске қосу мүмкін емес.

Қолданбаны іске қосу

Downloaded App қалтасынан қажетті қолданбаны пайдалануға болады.

Таңдалған қолданбаларда төмендегі белгішелер пайда болады және олар төмендегіні білдіреді:

- : Бағдарлама USB құралына орнатылған.
- : Қолданбаның құпия сөзі бар.
- : Қолданбаны жаңарту керек.
- : Бұл қолданба ортақ пайдалану функциясына қолдау көрсетеді.

Орнатылған қолданбаларды басқару

Settings тармағын Apps мәзірінен таңдаңыз. Орнатылған қолданбаларды басқаруға болады.



Өнімдегі кескін модельге және орналасқан аймағына байланысты жоғарыда көрсетілген кескіннен өзгеше болуы мүмкін.

1 Қолданбаны жою

1. Жойғыңыз келген қолданбаны таңдаңыз.
2. Delete таңдаңыз.

Таңдалған қолданба жойылады.

Қолданбаны жойған кезде қолданбаға қатысты деректердің де жойылғанына көз жеткізіңіз.

Стандартты қолданбаларды жүйеден жоюға болмайды.

2 Басты экранға қолданбаларды қосу

1. Қосқыңыз келген қолданбаны таңдаңыз.
2. Add to Home таңдаңыз.
3. Басты экран ашылғаннан кейін таңдалған қолданбаны қалаған орынға жылжытыңыз.
4. Select (Таңдау) түймесін басыңыз.

Таңдалған қолданба Басты экранға қосылады.

Таңдалған қолданба әлдеқашан Home Screen қатарына қосылса, бұл функция сөндіріліп тұрады.

3 Қолданбаларды бұғаттау және бұғатын ашу

1. Бұғаттау немесе бұғатын ашу үшін қолданбаны таңдаңыз.
2. Lock/Unlock таңдаңыз.

Таңдалған қолданба құлыпталады немесе құлпы ағытылады.

Қолданбаны құлыптау немесе құлпын ағыту үшін PIN кодты енгізіңіз. Әдепкі PIN код: "0000". PIN кодты > Settings > General > System Manager > Change PIN ойындысында орнатуға болады.

4 Қолданбаларды жылжыту

1. Жылжытқыңыз келген қолданбаны таңдаңыз.
2. Move таңдаңыз.
3. Қолданбаны қажетті орынға апарыңыз.
4. Select (Таңдау) түймесін басыңыз.

Таңдалған қолданба басқа жерге көшірілген.

Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

5 Қолданбаны қайтадан орнату

1. Қайтадан орнатылатын қолданбаны таңдаңыз.
2. Reinstall таңдаңыз.

Қайта орнату басталады.

6 Қолданбаның толық ақпаратын тексеру

1. Тексерілетін қолданбаны таңдаңыз.
2. View Details таңдаңыз.

Қолданба ақпаратының экраны көрсетіледі.

Қолданбаға View Details экраны арқылы баға беруге болады.

7 Бағдарламаларды автоматты түрде жаңарту

Орнатылған қолданбаларды автоматты түрде жаңарту үшін Auto Update параметрін ON қалпына қойыңыз.

Өнім интернетке жалғанғанда ғана автоматты жаңарту қосылады.

Суреттерді/бейне/музыка ойнату

USB құрылғыларында, мобильді құрылғыларда, камераларда, компьютерлерде және т.б. сақталған медиа контентті ойнатыңыз.

Source > Қосылған құрылғы



Өнімдегі кескін модельге және орналасқан аймағына байланысты жоғарыда көрсетілген кескіннен өзгеше болуы мүмкін.

USB құрылғылары, мобильді құрылғылар және өнімдегі камералар сияқты жинақтаушы құрылғыларда сақталған медиа контентті ойнатуға болады.

Мазмұнға немесе жинақтаушы құрылғыға өнім қолдау көрсетпейтін болса, медиа контентті ойната алмайсыз. Қосымша ақпаратты "Фотосурет, бейне немесе саз файлдарын ойнату алдында оқыңыз." тарауынан қараңыз.

USB құралын жалғау алдында маңызды файлдардың сақтық көшірмесін жасаңыз. Нұқсан келген немесе жойылған файлдарға Samsung жауапты емес.

Жады құралының медиа мазмұн тізімі экранында келесі функцияларды пайдалануға болады.

1 Filter By

Медиа түрі бойынша медиа мазмұнды сүзгіден өткізеді.

❷ Sort By

Мазмұн тізімін Title немесе Date параметрі бойынша сұрыптайды.

Сыртқы құрылғыға қарай бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

❸ Options

Медиа мазмұн тізімінен таңдалған медиа мазмұнды жояды немесе ойнатады. Refresh таңдалған кезде, мазмұн тізімі қайтадан жүктеледі.

Медиа мазмұнын компьютерде немесе ұялы құрылғыда ойнату

1. Медиа мазмұны бар құрылғыны > Source қойындысынан таңдаңыз. Құрылғыдағы медиа мазмұнының тізімі пайда болады.
2. Тізімнен медиа мазмұн элементін таңдаңыз.

Таңдалған мазмұн ойналады.

Кодтау тәсілі немесе файл пішіміне қарай мазмұн ойнатылмауы мүмкін. Сонымен қатар, кейбір функцияларға шектеу қойылуы мүмкін.

Өнімге желі арқылы қосылған құрылғылардағы мазмұн желілік байланыстың ақауларына байланысты біркелкі ойнамауы мүмкін. Егер олай болса, USB құрылғысын пайдаланыңыз.

USB құрылғысында сақталған мультимедиа мазмұнын ойнату

1. USB құрылғысын USB ұяшығына жалғаңыз.
2. Экранда қалқыма хабар пайда болғанда, құрылғыда сақталған мультимедиа мазмұны тізіміне оңай кіру үшін Browse параметрін таңдаңыз.

   Егер сіз ойнатқыңыз келетін мазмұн бар USB құрылғысы өнімге бұрыннан қосылған болса, > Source экранындағы USB құрылғысын таңдаңыз.
3. Тізімнен ойнатқыңыз келген мазмұн элементін таңдаңыз.

Таңдалған мазмұн ойналады.

Мобильді құрылғының дыбысын динамик арқылы Sound Mirroring көмегімен тыңдау

1. Мобильді құрылғыдағы (Bluetooth) құрылғылар тізімінен өнімді іздеп, оған қосылыңыз.
2. Мобильдік құрылғыңызда ойнатқыңыз келген медиа мазмұнды таңдаңыз.

Таңдалған медиа динамик арқылы ойнатылады.

Егер өнім мен дыбыс тақтасы сымсыз қосылса, жұмыс шектелуі мүмкін.

Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Мультимедиялық мазмұнды ойнату кезінде қол жетімді түймелер және функциялар

Кез келген бейнежазбаны немесе фотосуретті ойнату барысында Select түймесін басыңыз. Келесі түймешіктер көрсетіледі.

Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты бұл түймелерге немесе функцияларға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Қолданыстағы түймелер мен функциялар сіз қарап немесе ойнатып жатқан мазмұнға қарай әр түрлі болуы мүмкін.

- Pause, Play

  Мультимедиялық мазмұнды кідіртеді немесе ойнатады.

- Кері өту, Алға өту

  Кезелімді ойнатуды басқару жолағына жылжыту үшін жоғары меңзер түймесін басыңыз, содан кейін бейнежазба бойымен 10 секунд артқа немесе алға жылжу үшін ойын басқару жолағынан сол немесе оң меңзер түймесін таңдаңыз.

- Нақты ойнату бөлігіне өту үшін ойнату жолағында меңзерді жоғары жылжытып, бес ентаңбаның бірін таңдаңыз.

  Пішім түріне байланысты бұл функцияға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- Тоқтату

  Ойнатылып жатқан мазмұнды тоқтатыңыз.

- Previous / Next

  Алдыңғы немесе келесі мультимедиа мазмұн файлын экранға шығарады.

- Rewind / Fast Forward

  Бейне кідіріп тұрғанда, келесі функцияларды пайдалануға болады. Бейне кідіртілген кезде өнім аудио ойнатпайтынын ескеріңіз.

  – Slow Rewind немесе Slow Forward: ⏪ немесе ⏩ опциясын таңдап, бейнежазбаны алға немесе артқа баяу ойнатуға мүмкіндік береді. Ойнатудың 3 жылдамдығы бар. Ойнату жылдамдығын өзгерту үшін опцияны қайталап басыңыз. Қалыпты жылдамдықты қайтару үшін ⏯ опциясын таңдаңыз немесе ▶ түймесін басыңыз.

- Repeat

  Ағымдық мазмұнды қайта-қайта немесе бір қалтадағы барлық файлдарды қайта-қайта ойнатуға арналған.

- Shuffle

  Музыка файлдарын кездейсоқ ретпен ойнатады.

- Picture Off

  Экран өшірулі болғанда музыкалық файлдарды ойнатады.

- Fit to screen

  Фотосуретті экранның өлшеміне дәлдейді.

- Rotate left / Rotate right

  Фотосуретті оңға-солға бұрады.

- Zoom

  Фотосуретті үлкейтеді.

- Background Music

  Өнім фотосуреттерді көрсеткен кезде фондық музыканы кідіртеді немесе жалғастырады.

  Бұл функцияға Background Music опциясын қосқаннан кейін қолжетімді.

- Options

  Қолданыстағы параметрлер үлгі мен мазмұнға қарай әр түрлі болуы мүмкін.

Функция	Сипаттама
Slideshow Speed	Слайд көрмесінің жылдамдығын орнатады. USB құралында тек бір ғана кескін файлы болса, слайд көрмесі көрсетілмейді.
Slideshow Effect	Слайд көрмесі үшін өтпелі әсерлерді қолданыңыз. USB құралында тек бір ғана кескін файлы болса, слайд көрмесі көрсетілмейді.
Background Music	Өнім фотосуреттерді көрсеткен кезде қалқымалы терезеде орнатқан фондық музыканы ойнатады. Саз файлдары да фотосурет файлы сақталған USB құралында сақталуға тиіс. Фондық музыканы кідірту үшін ойнату экранының астыңғы жағынан Background Music таңдаңыз.
Subtitles	Субтитрдің тілі, синхрондау, өлшемі және түсі тәрізді параметрлерін орнатуға болады. Егер субтитрлер дұрыс көрсетілмесе, кодтау параметрін тексеріңіз.
Rotate	Бейнефайлды бұрады.
Audio Language	Аудио тілін өзгертеді. Бұл функция бейнежазба көп-тректі дыбысқа қолдау көрсетсе ғана жұмыс істейді.
Information	Ағымдық мультимедия мазмұнына қатысты толық деректі көрсетеді.

Bixby функциясын пайдалану

Өнімді басқару үшін Samsung Smart Remote құрылғысындағы немесе өнімдегі микрофонға сөйлеңіз.

- Bixby функциясы өнім интернетке қосылған кезде ғана қолжетімді болады.
- Bixby функциясын пайдалану үшін тіркеліп, Samsung тіркелгісіне кіру керек. Samsung тіркелгісіне кірмеген жағдайда, кейбір функцияларға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Bixby тек кейбір тілдерді ғана қолдайды және қолдау көрсетілетін функциялар географиялық аймаққа байланысты өзгешеленуі мүмкін.
- Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты Bixby функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Bixby функциясын дауыс көмегімен бастау

Сіз Bixby көмегімен "Сәлем Bixby" деп айтып сөйлесе бастауыңызға болады. «Hi, Bixby» деп айтыңыз, содан соң өнім экранының төменгі жағындағы Bixby белгішесі Тыңдау режимінде белсендіріледі. Сөйлеуді жалғастырыңыз.

- Жақсы жұмыс істеуі үшін өнімнен 3–4 м (10 фут) аясында болуыңыз қажет. Қосымша ақпаратты "Дауысты тану мәселелері" бөлімінен қараңыз.
- Бұл функциялар құрылғының үлгісіне немесе географиялық өңірге байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.

Samsung Smart Remote түймелері арқылы Bixby функциясын іске қосу

Bixby құралымен Samsung Smart Remote түймелерінің көмегімен сөйлесуге болады. түймесін Samsung Smart Remote құрылғысынан басып тұрып нұсқау беріңіз, содан кейін түймесін босатыңыз.

Bixby нұсқаулығын қарау үшін түймесін бір рет басыңыз:

- түймесін басқанда экранның астыңғы жағында Explore Now пайда болады. Select түймесін басып Explore Bixby экранына өтіңіз.



Explore Bixbyэкраны туралы үйрену



Өнімдегі кескін модельге және орналасқан аймағына байланысты жоғарыда көрсетілген кескіннен өзгеше болуы мүмкін.

1 My Profile

My Profile экранына өткеннен кейін есептік жазбадан шығыңыз.

Samsung есептік жазбаңыздан шығып қалсаңыз, оған қайта кіру үшін My Profile таңдаңыз.

Бұл функцияларды Bixby Voice settings (Home > Settings > General > Voice > Bixby Voice settings) параметрлерінде орнатуға болады.

2 Tutorials

Bixby қызметін пайдалануға қатысты қалқыма терезе пайда болады.

3 Settings

Параметрлерді Bixby арқылы өзгертуге болады.

Бұл функциялар құрылғының үлгісіне немесе географиялық өңірге байланысты жұмыс істемеуі мүмкін.

Бұл функцияларды Bixby Voice settings (Home > Settings > General > Voice > Bixby Voice settings) параметрлерінде орнатуға болады.

- **Language**

  Bixby тілін өзгертуге болады.

  Өнімнің және басқа қолданбалардың тілдері өзгермейді.

  Bixby кейбір тілдерге ғана қолдау көрсетеді.

- Voice response

  Bixby дауысын өзгертуге немесе сөндіруге болады.

  Бұл функцияға Bixby режимі үшін таңдалған тілге қарай қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- Voice Wake-up

  Bixby сіздің дауысыңызға жауап беретіндей орнатуға болады. Егер Bixby дауысыңызға жауап бермесе, Voice Wake-up функциясын қосқаннан кейін қайталап көріңіз. (> Explore Now > Settings > General > Voice Wake-up).

  Өнімнің төменгі жағындағы дыбыс датчигі белсенді болғанда ғана осы функцияны пайдалануға болады.

  Жақсы жұмыс істеуі үшін өнімнен 3–4 м (10 фут) аясында болуыңыз қажет. Қосымша ақпаратты "Дауысты тану мәселелері" бөлімінен қараңыз.

  Үлгіге немесе географиялық аймаққа байланысты Voice Wake-up функциясына қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- Sound feedback

  Bixby басталған кезде дыбыс естіліп, тыңдауды тоқтатады.

  Бұл функция кейбір үлгілерде жоқ болуы мүмкін.

- Privacy

  Bixby қызметін қолданған кезде Bixby функциясына жеке ақпараттарыңызды қолдануға рұқсат беріп немесе тыйым сала аласыз.

- About Bixby Voice

  Толық талаптар мен шарттарды экранда көрсетеді.

4 Ұсынылатын пәрмендер

Ағымдағы жағдайды ескеріп, өнімді Bixby арқылы басқару үшін пайдалануға болатын ұсынылатын пәрмендерді көрсетеді.

Егер ұсынылатын пәрмендерді көргіңіз келмесе, Voice Hint функциясын Off қалпына қойыңыз. (> Settings > General > Voice > Voice Hint).

5 All Services

Bixby мүмкіндігін әр түрлі жағдайда пайдалануға мүмкіндік беретін дауыс пәрмендерін үйренуге мүмкіндік береді. Меңзер түймелерінің көмегімен қажетті пәрменге өтіп, содан кейін Select түймесін басыңыз. Өнімді әртүрлі дауыстық пәрмендермен пайдалануға болады.

Bixby қолдану алдында оқыңыз

- Қолдау көрсетілетін дауыспен қатынасу функциялары географиялық аймаққа байланысты басқаша болуы мүмкін.
- Орнатылған тіл еліңіздегі тілден басқа болса, кейбір функцияларға қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Bixby функциясы өнім интернетке қосылған кезде ғана қолжетімді болады.
- Өнім интернетке жалғанған болса да, Bixby серверінің қатесіне байланысты жауап болмауы мүмкін.
- Егер Bixby жаңартылса, ағымдық функция параметрлері өзгеруі мүмкін.
- Bixby функциясы тек қолдау көрсететін және микрофоны бар қашықтан басқару пульттері бар өнімде ғана қолжетімді болады.
- Таңбалар, соның ішінде "-" таңбасы мен арнайы таңбалар қолданылмайды. Демек, сөздің немесе сөйлемнің құрамында сандар немесе таңбалар болса, функция дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Іздеп табылған нәтижелер толық нәтиже бермеуі мүмкін.
- Сізден кейбір қолданбалардың ақшасын төлеу талап етілуі мүмкін. Демек, сізге сервис туралы өтінім немесе келісімшарт кездесуі мүмкін.
- Дауысты мәтінді енгізу мен іздеу функциясын пайдалану үшін үшінші тараптарға сіздің дауыстық деректеріңізді жинауға және пайдалануға рұқсат беру шартына келісім беруіңіз керек.
- Bixby функциясын пайдалану үшін сізге мыналар керек:
  - Smart Hub' қызметінің Пайдалану шарттарына келісу.
  - Smart Hub қызметі үшін жеке ақпаратты жинау мен пайдалануға қатысты нұсқауларға келісу.
  - Дауыспен басқаруға негізделген қызмет үшін жеке ақпараттың жиналуы мен пайдаланылуына келісу.

Bixby пайдалану шарттары

